

Кайкен Ж.Б., Аманбаева А.А., Джандыбаев
Т.М., Тахтаева Р.Ш.

БАҒАЛАУ

Оқу құралы



Семей 2019 ж

УДК 33

ББК

К

Пікір білдірушілер:

1. Оразгалиева А.К. – доктор PhD, Қазақстан инновациялық университетінің проректоры

2. Толымгожинова М.Қ. – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің Экономика факультетінің деканы

Кайкен Ж.Б., Аманбаева А.А., Джандыбаев Т.М., Тахтаева Р.Ш.

Бағалау. Оқулық. Семей, 2019 жыл, 105 бет

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, баспаға беру ұсынылды.

Қазақстан Тұтынушылар Одағы Агробизнес және экономика колледжінің әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдау тапқан.

Оқулықта баға, бағалау туралы түсініктер беріліп, нарыққа түсетін үш дүниелердің, жылжымайтын мүлік, жер, көліктердің бағалау әдістері түсіндіріліп, мысалдар келтіріліп, есептер шығарылған. Сәйкестерімен салыстырып, тиімдісін табу көрсетіледі.

Авторлардың көзқарасынша сатылатын, сатып алатын дүниелердің, Жер де соған жатқызылған, бағасын шығару мен кәсіптіліктің (қарекеттің) берерін есептеу екі түрлі мәселе деп айыруды ұсынып, оқулықта өндірілген өнім, оның жаңасы мен қолданылғандарын бағалау әдістерін баяндайды. Оқулық шұбарламай таза қазақ тілінде берілуге ден қойған. Ана тілінде экономикадан білім алмақшыларға арналған.

УДК

ББК

ISBN 978-601-7195-41-8

© Кайкен Ж.Б.

Кіріспе

Пән сатып, сатып алудағы дүние мүліктерге арналған. Қазақстан нарықты экономикаға көшіп, егеменді ел болғаннан бері жоғары, арнайы орта оқу орындарында небәрі 20-30 жылдың маңайында жүргізіле бастады. Негізінен орыс тіліндегі жоғарғы оқу орындарының шығарған оқулықтары қолданылып жүр, бірен-саран ана тілінде пайда болғандары толықтыруды, дәлелдеуді қажет етеді. Сөзді оқулықтарға қойылған аттардан бастауға болады, мысалы орысша – қазақшаларында «Кәсіпкерлікті бағалау» деп келеді. Ал, бағалау дүние-мүлікті сатып, сатып алуда қолданылатын сөз, мағынасы да соны білдіруі керек. «Кәсіпкерлікті бағалау» іс-әрекетіңізді, қимылыңызды сипаттайды. Атына байланысты бәрін қамтимыз деп бірнеше пәндердің сұрақтары келтіріледі. Онда құқық, бухгалтердік есеп, шаруашылықты жүргізу, оның түрлері сияқтылардың бәрін қамту қарастырылатындықтан, біріншіден бірін-бірі қайталау, екіншіден орынсыз көлемінің көбеюі орын алады, бұлардың білім алушыға зияны болсама, пайдасы шамалы. Осы тұжырымды негізге алып біз «Бағалау» (оценка) деген ұсынылып отырған оқулықты дайындадық. Онда сатылатын, сатып алатын дүниенің бағалары туралы, оларды шығару әдістері, ықпал жасайтын мысалдары келтіріледі. Ескеретін жай оқулықта қолданылған құндардың мөлшерін тәжірибеде пайдалануға болмайтығында, олар мысал ретінде түсіндірілуге арналған. Баға, ақшаның құны өзгеріп отыратындықтан бүгінгі өлшем ертеңгіге келмейді.

Оқулықта нарықтағы бар дүние-мүлік үш топқа бөлініп, бағасының ауытқуы, оның негізгі себептері көрсетілген. Қолда бар, пайдаланып жүрген орыс, қазақ оқулықтарында түйіндесек баға жасаудың үш әдісі бар екендігін аңғарамыз, мағынасы табыс, салыстыру, шығынға әкеліп тіреледі.

Осы орайда пән туралы біраз шегініп тарихына үңілсек, экономикада, нарықты экономикада алдымызға қарауыл қойып жүрген ағылшын, құрама

штаттарының өзінде, оған байланысты шешімдер, оның ішінде халықаралығы да бар, өткен ғасырдың аяқ кезінде шыға бастапты, оның дәлелі оқулықтың бірінші тарауындағы түсініктемелер.

Сондықтан пән, оның аты, мазмұны, тоқ етерін айтып, басқалардан басын ашып бөліп алуы, әлі талай додаға түсіп, анықтауды, жүйеге келтіруді қажет ететіндігі дау туғызбас. Демек, қазіргі пайдаланып жүрген жоғарыдағылардың бекіткен оқу бағдарламаларын да мұқият сүзуге тура келер. Мұны айтып жатқанымыз, әр елдің заңы басқа дегендейін, Қазақстанда жер туралы Ата заңда көрсетілгендей оны сатуға болмайтындықтан, бағалауға байланысты оқытудың да өзгешелігі барлығын әмсе есте сақтаған жөн. Бұл тұрғыда жерді сату емес, тек жалға беру, оның өзінде тек отандастарға ғана екендігі қызыл кітаптың иманындай болуы керек. Осы орайда оқырмандардың ойына саларымыз III-тарауда жерді қожалықтарға жалға берудегі оның шығымдылығын, берерін есептеуді өнімге байланысты анықтауды ұсыну. Жалға алатын жер, оның иесі мемлекет, қанша өнім бере алатынын дұрыс есептеп, жал ақыдан үкімет те, жалға алушы да зиян шекпеуін ойластыру шарт. Қазақстанда ұшы-қиыры жоқ жерінің экономикалық бағасын шығару да қыруар шаруа, пайымдауымызша жердің үстінен гөрі астына үңілу басымырақ сияқты. Ол бүгінгі таңға бітпейтін әңгіме. Ал, жерді ауылшаруашылығында пайдалануға байланысты құнын есептеу кезек күттірмейтін іс, бұл орайда жоғарыдағы айтылғандарға мұқият көңіл аударуларыңызды қалаймыз (жердің ауылшаруашылығындағы берерін шығару).

Оқулықта баяндалған тараулар мен бөлімдерінің аты келтірілгендіктен оны қайталау қажет болмас, пәніне мәні сай болуына талпындық, оқырмандарға, әсіресе шәкірттерге өз тілінде түсіндірме алуларына көмегіміз тисе мақсатымыздың орындалғаны. Іске сәт ұрпақтар.

Профессор Жабайхан Кайкен.

I тарау. Баға, бағалау туралы ұғым

1.1 Баға туралы ұғым

Қай экономика жүйесінде болмасын бағаның өзіндік орны бар. Тарихқа үңілсек, басқа елдердегідей тәптіштеп артына жазып кетпесе де күнделікті өмірде бағаға елең етпеген қазақ болмаған. Егемендік алғаннан бері қазақтың тарихы бар екендігін жаңа біліп жатқанымыздай, әзірше қауымымызға белгісіз экономикамыздың тарихы бар екендігіне күманданбаймыз, бірақ ол әлі зерттелмей, жарық көрмей жатқан құпия.

Әу бастың өзінде 1069-1070 жылдардың өзінде Жүсіп Баласағұн деген Жетісудағы ғұлама «Құтты білік» деген поэмасында «Есеп қисап жүрген жерге ес керек» деп жазыпты. Бертінгіні айтсақ бізге жеткен сирек мәліметтерден, мысалы Қарқаралы, Қоянды жәрмеңкелерінен оралғандарда елдің нарық деңгейін сұрайтындығын айтуға болады. Демек, ертеректің өзінде қазақ баға туралы мағлұматы болып, базарға қонды мал апарса, қымбатқа сатып, түскен табысына молырақ керек-жарағын ала-алатындығын білген.

О.Сүлейманов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері Бақыт Есенханұлы, Қарлығаш әулие Төле би туралы «Қытай шарифат деректері не дейді» деген мақаласында («Дала мен қала» газет № 2 (382) 17.01.2041). 1762 жылы 1 шілдеде қазақ жерінен жіберілген саудагер елшілермен Қашқариядағы хэбей-амбанюнгуй қатарлылардың қарым-қатынасын келтіріп, сауда араластығына байланысты мәлімет алысқанын жазады.

Шығыстану институтының директоры, ғылым докторы Меруерт Әбусейтова «Қазақ мәдениетінің брендин қалай жасаймыз?» деген мақаласында («Жас қазақ» газеті № 31, 2008 ж). Қазақ хандығында бүгінгі мемлекетке тән барлық институттар болған. Дипломатия, сыртқы саясат, сауда-саттық т.б. ол кездің өзінде жемісті жүргенін айтады. Бұл мысалдар қазақ жерінде баға туралы ұғымның ертеден пайдаланылып, қолданғандығын көрсетеді.

Ал, басқа Еуропа елдерінің ілімдеріне үңілсек бағаны құнға байланысты анықтамаларын А.Смит, Д.Рикардо, К.Маркстер айтқан. Олардың сөзінде бағаның негізі дүние мүліктің құнына байланысты дейді. Ал, екінші ілім ағымы австриялықтар айтатындай бағаның негізі қажеттілікті өтеуде.

Бұл ілімдердің мағынасын түсіну үшін құн, құндылық дегеннің мәнін айырған жөн. Тауардың құны өндірушінің түсінігі бойынша өнім өндіруге жұмсаған шығыны мен алмақшы пайдасының қосындысынан тұрады. Ал, құндылық тұтынушының қажеттілігін өтеу. Сондықтан бұл екі ұғым екі түрлі деңгейде болуы мүмкін. Біріншісі өндіруші (сатушы), тауар иесі, шығынын жауып, таза пайда түсіруді межелеп анықтаса, екіншісі сатып алушының қаражат мүмкіндігіне байланысты. Құнға да, құндылыққа да нарық әсерін тигізеді, әртүрлі себептерге байланысты ауытқиды.

Нарықты экономика жағдайында ағылшын экономисті А.Маршалдың еңбегі өзгеше саналады, ол дүние-мүліктің бағасы сатып алушының қажеттілігін өтеуге орай төлейтіндігі мен өндірушінің шығынын жаба алатын деңгейдей болады деген. Осы екі ұғымды айта келе экономикамен шұғылданып жүрген ғалымдар Э.А.Уткин, И.К.Салимжанов, А.П.Трапезский, И.К.Грекова, И.Я.Яковлев, К.А.Тультаяев, А.И.Ондасыновалар баға құнның ақшадай мөлшері деген. Баға да ақша сияқты экономиканың негізгі ұғымдарына жатады, ол өнім өндіру, ауысу, қоғамдық еңбек бөлуде пайда болады. Өнім өндіруде өндіріс көлемін анықтауда қолданылып, шоғырландыру, салық төлеу, таза пайда табу, қорландыру, еңбек өнімділігін арттыру сияқты мәселелерді шешуге пайдаланылады. Өнім өндірудегі межені орындағандықты көрсетеді. Өнімнің бір түрінен екінші түріне сала, кәсіпорын арасындағы ауысуларда, есепке араласатын экономикалық ұғым. Қоғамдық еңбек бөлудің үш бөлігінде: қоғам, өндіріс иесі, еңбек етушілердің үлесі де бағаға байланысты. Мұндағы қоғам үлесі салық, өндірушінікі таза пайда, еңбекетушінікі еңбекақы.

Баға-сату, сатып алу қатынастарын реттеп, жалпы экономикалық жағдайларға қатысып, өндіру, бөлу, айырбастау, игілікке асыру, қызмет көрсетулерде қолданылады. Сату, сатып алу қатынастарын реттеуі сұраныс

пен ұсыныстың теңесуіне апаруында. Жалпы экономикалық жағдайдың күшеюі де бағаға байланысты. Ол мемлекеттің баюы, халықтың әл-тұрмысының көтерілуі.

Сонымен, баға экономикалық белгі (грек тілінде «kategoris» - признак, ол сатушының өнім бірлігін сататынын, алушының беретін ақша деңгейін көрсетеді. Баға, белгілі бір дүние-мүлік құнын анықтайды, сондықтан баға мүліктің ақшалай құны. Баға дүние-мүлік, ақша қарым-қатынастарын қамтамасыз етеді. Дүние-мүлікті алу, беруде баға қолданылады. Қарым-қатынас ақша арқылы жүргізілгендіктен дүние-мүлік, бағаны қолданып ақшаға айналады. Ат қойып, айдар таққан сандаған бағалардың түп тамыры біреу, тауардың құны, құндылығына байланысты ақшалай өлшемі.

1.2 Бағаның маңызы

Кез келген тұтынушы, кәсіпкер, кәсіпорын, қоғам, мемлекет, халықаралық қатынас бағаны пайдаланады. Қимылының нәтижесі ұтымды қолдануында. Демек бағаның бірінші маңызы оны білуде.

Екінші маңызы – қоғамдағы басты мәселелерді жүзеге асыруда пайдалануында. Қоғамның дамуындағы әрбір кезеңдерде өндірістік, экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайларды шешуде баға маңызды орын алған. Өндіріс мәселесін шешуде түскен түсім, таза пайда қолданылса, оның деңгейі бағаға байланысты. Сондықтан кәсіпорынның берешегін, оның ішінде жұмысшылардың еңбекақысы да бар, өтеуге, қормен қамтамасыз етілуіне, кеңеюіне, сақтық қор жинауына өндірген (сататын) тауардың бағасы тікелей әсер етеді. Экономикалық жағдайды бірнеше тұрғыдан карауға болады, атап айтсақ, жұмысшы, кәсіпорын, оның әріптестерімен қарым-қатынасы, мемлекет, халықаралық байланыс. Бұлардың нәтижесіне бағаның әсері әрқилы, демек ықпалын тигізеді.

Әлеуметтік жағдайлардың шешілуі мемлекет, кәсіпорын, еңбекақыларға байланысты.

Саяси жағдайларға әсерді үш тұрғыдан байқауға болады. Бірінші, елдегі халықтың ризашылығы, береке-бірлігі, екінші мемлекеттің экономикасының

нығаюына байланысты жаһанға ықпалы, үшінші басқа елдерге көмегі. Бұл мәселелердің бәрі қаржыландыру дәрежесіне қарай шешілетіндіктен, бағаға соқпай өте алмайды. Жоғарыдағыларды жинақтасақ бағаның екінші маңызы айқындалады. Ол және экономикалық жүйеге әсер етеді. Себебі, баға арқылы қоғамдағы барлық негізгі қарым-қатынастар жүргізіледі. Атап айтсақ, өндірісті ынталандыру, табысты бөлу, іс нәтижесін анықтап, қадағалау. Мысалы, баға жоғары болған жағдайда өндірісті молайтуға талпынады, себебі табыс көбейтеді. Баға қымбат болса өндірушінің, сатушының табысы көп, ал арзандаса тұтынушының сатып алу мүмкіндігі көбейіп, өмір деңгейінің жоғарылауына қолайлы. Осы орайда баға табысты бөлуге қатысады деп есептелінеді. Мәселе, ұлттық табыс туралы баға жоғарыласа ұлттық табыстың басым бөлігі өндірушіге (сатушыға) ауысады, арзандаса сатып алушының (тұтынушының) қарапайым халық үлесінің молайғандығы. Бұл төртінші маңызы, себебі өндірген өнімді көрсеткен қызметті олардың бірлігінің бағасына көбейтіп табыс есептелінеді. Кәсіпкердің әрекетінде баға жоспарлау, қадағалау, нәтижесін табу, талдау жүргізгенде қолданылады. Бұл аталған экономикалық жұмыстардың маңызы дәлелденген даусыз, олар тұрақты жүргізілуі тиіс. Бесіншіден, нарықты экономика жағдайында бағаның орны ерекше, себебі бәсекелестік дамып экономиканы реттеуде, өзін-өзі қаржыландыруда пайдаланылады.

Алтыншыдан, баға ұсыныс пен сұранысқа орай өзгертіндіктен нарықтағы әрбір қимыл, іс-әрекет, шешім бағаға байланысты жасалынады. Осы орайда уақыт ұтуға бағытталған жұмыстар да бағаға қарап атқарылады. Өмір деңгейі бағаға байланысты болғандықтан саяси-экономикалық саладағы шешімдер қабылдауда тұрақты ескеріледі. Экономикалық заңдылықтар өмірден алынған, сыннан өткен, дәлелденген құбылыстар. Оны елемеу, не онымен санаспау кері әсерін тигізеді. Сондықтан баға жасауда іліми экономикадағы айналатын заңдылықтардың мәнін еске ұстай отырып қимылдау керек, оларды орындау қағида.

1.3 Нарықты экономикадағы баға жасау қағидалары

Нарықты экономика жағдайында баға экономикалық заңдылықтардың негізінде жасалынады. Ол құн, сұраныс және ұсыныс, ақша айналымы, қарым-қатынас заңдары. Экономикалық жүйеге қатысушылардың қайсысы болмасын кәсіпкер, кәсіпорын, мемлекет – заңдылықтар тең дәрежеде, байланыстардағыға әсер етеді. Қағида-ереже, атқарылар іс солай жүргізілуі керек болмағанда зиянға соқтырады, орындау қажет деп ұғынуымыз керек. Оқулықтарда баға жасаудың үш қағидасы бар делінген.

Біріншісі сұраныс пен ұсыныстың қатынасын қамтитын баға теңдестігі. Осы үш заңдылықтың мағынасын сiңiредi. Алғашқысы сұраныс заңы, мәні баға жоғарыласа сұраныстың төмендеуінде. Одан кейінгісі ұсыныс заңы, ол баға жоғарыласа, сұраныстың көбейетіндігін көрсетеді. Ал, ақырғы екеуінің біріккен заңдылығы, оған баға деңгейі сұраныс пен ұсынысқа байланысты өзгеріп, екеуінің теңдесуіне ұмтылдырады. Бұл заңдылықтарға қоса нарықты экономикада бәсекеге бостандық заңның әсерін де айта кеткен жөн. Оның мағынасы ең төменгі баға сатушыны қанағаттандыратыны, ал жоғарғысы сұраныс пен ұсыныс заңына сәйкес қойылатыны.

Екіншісі – нарықтық жағдайда елдегі бағаның дүниежүзілік деңгейімен байланысында. Оның себебі басқа елдердің баға деңгейі, жергілікті нарыққа әсер етуінде. Баға жоғары болса, арзан жерден әкеліп сатады да, өнімнің өтпейді. Арзан баға қою үшін өндірістік шығынды жабуын анықтайды, болмаған жағдайда кәсіпкерліктің өзі күмәнді, зиян. Демек, өнімнің шығыны мен бағасын басқа елдердегі бәсекелестердің нәтижесімен салыстыру қажет.

Үшіншісі – ауылшаруашылығы мен басқа салалардағы баға өзгерістерінде бірегейлікті сақтау. Бұл қағиданың бұзылуы кері әсерін тигізеді. Оны біздің елдегі кейбір салалардың, мысалы ауыр өнеркәсіп, қуат көздерінің өнімінің бағасының бірнеше есе өсіп ауылшаруашылығын титықтатқанынан көруге болады. Нәтижесінде өзіндің құны көбейіп, ауылшаруашылығының өнімінің бағасы қымбаттады, оның деңгейі дүниежүзілік тұрғыдан көп жоғары, бәсекелестікті көтермейді, ел ішіндегі арзанға сату зиян келтіреді. Қорыта айтқанда, нарықтық экономика

жағдайында бағаға еркіндік беріліп, кәсіпорын, кәсіпкер бағаны жасағанында негізгі қағидалардың орындалуын мұқият қадағалағаны жөн, онсыз оңды нәтижеге жете алмайды, кездейсоқтық уақытша және тұрақсыз.

1.4. Бағалау туралы ұғым

Баға дүние-заттың, атқарған қызметтің құны болса, бағалау әрекет, бардың, болатынның қанша тұратынын анықтау. Қазақстанда бағалау нарықты экономикаға көшкеннен бастап, демек өткен ғасырдың аяғында пайда болды. Нарықты экономиканы білгеніміз сияқты бағалауды да басқа елден, оның ішінде Ресейде бар, сұрап көріп, оқып біле бастадық. Елде жаппай жекешелендіру жүргізіліп, мемлекет дүниесін әркімнің жұмыс істеген жылына байланысты таратып беріп, жекешелендіру жүргізілгенде көптеген қателіктер жіберіліп, мемлекеттің дүние мүлкін бағалау басталған.

Мәжбүрліліктен, асығыс-үсігіс араласып студенттерге арналған оқулықтар шыға бастады. Оның аты «Кәсіпкерлікті бағалау», орысша, қазақшасы араласып «Бизнесті бағалау» дегені әлі сақталуда. Бизнес дегеніміз ағылшын сөзінен шыққан «business» - дело, предпринимательство – қазақша іскерлік, кәсіпкерлік дегенді жиырма жылдан кейін біліп, қазір --- атын дұрыс айтып жүр. Ал, бағалауға келсек, ол нарықты экономикадан да бұрын жасалған дүние-зат (мысалы құрылыс) құнын анықтау, кәсіпкерлік (шала сауаттылар) әлі де бизнес дейтіндері барлық дүниені қамтымайды. Сондықтан пәннің аты «Бағалау». Адам әрекеті, атқарған қызметі де бағалануы тиіс, ол салыстырмалы түрде дүние-затқа айналып, бағалануы тиіс. Мұның бәрін айтып отырғанымыз бағалаудың әлі анықталмаған мәселелері көп, осы уақытқа дейін оннан астам заңдар шығарылса да толықтыруды өмір қажет етеді. Оқулықты пайдаланып, елге студенттерге білім беру үшін барын қолданып анықтамалар беріледі.

Бағалау туралы түсінік үкімет құрылымының үлгісінде («федерация» латын сөзі «foederate» - укреплять союзом), бағалардың үлгісі (ағылшын сөзі «standart» - норма, образец) (ФСО-Ұқбу) негізге алынып халықаралық баға үлгісі ескерілген. Ол бағалау туралы жалпы түсінікті, бағалауды жүргізу оған

қойылатын талаптарды білдіреді. Бағалауды жүргізуде үлгінің талабын орындау міндеп деп саналады. Соған байланысты бағаланбақшының бағасын анықтағанда жүргізілген немесе жоспарланған алыс – берістің сұраныс, немесе төленген сатылатын дүниесінің ақшадай мөлшері көрсетіледі, құнын анықтағанда сатылмақшының есептелген баға деңгейі мерзіммен көрсетіледі.

Құны туралы Үқбү – де берілген. Үлгіде қажетті мәліметтер құрылымы берілген, соған байланысты бағалауға тапсырма беріледі, ол төмендегідей:

а) сатылмақшының құжатқа байланысты сәйкестігін (идентификация латын сөзі saentificate - сәйкестігі) дәлелдейтін мәліметтер.

б)сатылмақшы дүниеге қожалығы;

в)бағалау мақсаты;

г)бағалаудың нәтижесін болжамдағы пайдалану,соған байланысты шектеулер;

д)құн түрі;

е)бағалау күні;

ж)бағалау жүргізу мерзімі;

з)бағалау негізделетін жорамал мен шектеу;

Үлгіде бағалауға қолданылатын үш негізгі: шығындық, салыстырмалыкірістік жолдардың анықтамасы беріледі. Үлгі талабына сай бағалаушы бағалауды жүргізгенде таңдап алған жолды пайдалануға міндетті, немесе басқа бас тартқан жолдарға себебін дәлелдеу керек. Оған қоса бағалаушы өз еркімен әрбір шешімінде таңдаған нақты әдістерді пайдалануға құқықты.

Үлгі бағалау жүргізудегі негізгі талаптарды анықтайды, мәліметжинау реті, оны өңдеу, қолданылатын әдістердің ережесі (алгоритм – ортаазиялық есептеуші аль-хорезми атындағы латын түрі).

Табысты әдісті пайдаланғанда келесідей тәртіпті қолдану керек:

-жобалау кезеңін белгілеу;

-жобалау мерзіміндегі бағаланатын дүниенің әкелетін табыс мүмкіндігін зерттеу;

-жобалаудың, кейінгі мерзімде, әкелетін табысы туралы қорытынды;

-келешектегі табыстың өзгерісі (дисконт-ағылшын сөзі discount – скидки, латын сөзі computare-учитывать).

-бағалау мерзіміндегі жобаның, одан кейінгі мерзімде күтілетін табысының өзгерісі. Бұл әдістегі күмәнсіз мәлімет болған жағдайда пайдалануға болады.

Салыстырмалы әдісті де анық мәлімет бар кезде қолданады, онда, табыс емес, салыстырмақшы дүниенің, сипаттамасы мен бағасы, есептелінеді.

Мұның маңыздылығы ұқсас дүниелердің өздеріне тән бірнеше көрсеткіштері таңдалынып алынады да белгілі жүйеге келтіріліп салыстырылады.

Шығынға байланысты салыстыруда,бағаланбақшы дүниеге ұқсас басқа біреуі таңдалып алынып баға беріледі.

Бағалаушы әрбір әдістердің нәтижелерін қарастырып жалпы баға береді. Бұл келісімділік баға анықтауға берген тапсырманың негізіне алынып, қорытындының сапасын арттырады. Алты айлық мерзімде бағаның құны анықталып келісім алуға ұсынылады. Үлгіде қолданылатын мәліметтердің, саны мен сапасына қойылатын талаптар көрсетіліп, ұсынылатын бағаның шындыққа сәйкес екендігіне қорытынды беріп, дәлелденеді.

1.5. Бағалаудың мақсаты, құн түрлері

Бағалау үлгісінің екінші бөлігінде халықаралық талапқа сай бағалау мақсаты көрсетіледі, бағалау нәтижесінің пайдалануы, нарықты құнның анықталуы, түрлері, нарық құнынан салым, таратушы, сатылар мерзімдегі тіркелген құны мен табыстылық (кадастровый – француз сөзі cadastre-мест, реестр – тіркеу беті) құндарының айырмашылығы анықталады.

Бұл көрсетілген төрт бағалаушы құндар (нарық, салым, таратушы құн мен табыстылық) тіркеудегі (кадастровый) жылжымайтын мүліктің толықтай құнын көрсетеді. Бірақ іліми тұрғыда машиналар мен құрылымдардың , кәсіби бағалауларында аталғандар жеткіліксіз, кемшіліктер келесі үлгілерде толықтырылуы мүмкін.

Үлгіде нарық құны ықтимал, бәсекелестік жағдайында сатылмақ туралы толық, мәліметі болып, ақылға сиымды, кездейсоққа ұрындырмайтын шешім қабылдануы мүмкін. Сонымен бірге:

-ымыраласушы жақтың біреуі бағалаушы дүниені керек етпей, екіншісі шешім алуға міндетті емес;

-олар дүние туралы жақсы хабардар, өз мүддесіне сай қимыл жасау;

-сатылатын дүние ұқсастарына сай бағамен анық нарықта әйгілінеді.

-келіскен баға бағалануына сәйкес, ешкімнің зорлауынсыз болуы керек.

Үлгі, келтірілген жағдайларға түсінік беріп, нарықты құнының анықталатын тұсын атайды, ол мемлекеттің қажеттілігі үшін дүниенің тартып алынуы, салымда орналастырылған құнды қағаздың құнын анықтағанда, құрылымдағы қорға ақшасыз үлестің құны, берекеліктің ақша орнына салатын дүниесі, қайтарылмайтын дүниенің құны.

Үлгіде нарық құнынан өзгеше түрде кірген құндылықтардың негізгі айырмасын бөлектеу жасалады. Мысалы, салым құнын анықтағанда айырмашылық белгісінің негізі ретінде ашық нарықтағы дүниенің шектелуін есептеу шарт емес. Бірақ, мұндайда нарық құнынан қолданылатын бірнеше құндар өзгешеленеді.

Тарату құнын есептегенде жариялауға қойылған уақыттан нақтысының айырымын ашып, сатуға мәжбүрліктің жағдайын есепке алып ымырыласады. Ал, табыстылық құны нарық құнының жалпы бағалау әдісімен шығарылып, салық салу мақсатына пайдаланылады.

1.6. Халықаралық және аймақтық бағалау үлгісі

Тәжірибелі бағалаушы талдау жасап, сатып алушыға өзінің тұжырымын айтып, қателеспеуіне ұсыныс білдіреді. Халықаралық бағалау үлгісі өміршең талаптарды көрсетіп бағалаушының кәсіби жұмысында қолдануын көздейді.

Халықаралық бағалау үлгісі өзінің негізгін алғаннан бері елуден астам елдің бағалаушыларының тәжірибесі мен кәсіби тұжырымдары жинақтаған ұжымдық ойдан құралған. 1985 жылы бірінші рет жарияланып, одан кейін көптеген өзгерістер жасалған. Халықаралық бағалау үлгісі, кәсіби бағалау

пәнінің тарихи даму қағидасына негізделіп, көптеген оңжылдықтарды, оның ішінде 1981 жылы құрылған дүниені бағалау үлгісінің Халықаралық басқару орнының (комитет – француз сөзі comite, латын сөзі comitete –поручать, тапсыру) жұмыстарын қамтиды.

Басқару орны (комитет) өзінің негізгі міндеттеріне төмендегілерді қойған:

- Бағалаулардың әртүрлі ұғымдарына айқын анықтамалар беру;
- қаржы құжаттары мен есептеріндегі жүргізілетін бағалар мен басқа жағдайлардағы бағалардың айырмашылығы,
- халықаралық деңгейдегі әртүрлі мағына беретін атауларды анықтау,
- жоғарыдағы халықаралық бағалау үлгісін дұрыс түсініп, тиімді пайдалану үшін қажетті кіріспе түсіндірмелер келтіруі.

Әрбір үлгі бағалау жүргізгендегі нәтижесін тексергенде, кеңес бергенде, нәтижесін айтқанда сақталатын тәртіптерді көрсетеді. Бағалаудағы жағдайларға сәйкес мақсаты бір.

Қойған сұраққа байланысты үлгінің құрамында төмендегідей бөлім бар:

- Кіріспе.
- Қолдану бағыты.
- Анықтау.
- Бухгалтерлік есеп үлгілерімен байланысы.
- Үлгі тұжырымы.
- Ескерту.
- Нақты мәселелерді баяндаудағы талаптар.
- Үлгіден ауытқу жағдайлары.
- Күшіне енетін мерзімі.

Үлгі-бағалаушылар мен олардың қызметін пайдаланушылар үшін талапқа сай орындалуды қамтамасыз етуге арналған, мемлекеттік деңгейде бекітілген.

1.7. Шет елдің бағалау үлгілері

АҚШ пен аймақтарға жататын елдерде кәсіби бағалау тәжірибесінің бірыңғай үлгісін қолдану міндетті саналады. Ол бағалау қорының кеңесінің жасап бекіткен үлгісі саудаға жатпайтын білім беру ұйымы 1987 жылы АҚШ

–тың бастаушы кәсіби ұйымымен құрылған (Бағалауинституты Американың бағалаушылар қоғамы, бағалаушылар магистрінің ұлттық бірлестігі).

Кәсіби бағалау тәжірибесінің бірыңғай үлгісі (ISPAР) белгілі жағдайларға ие, ол бағалауда, есебін тексеруде кеңес беруде, бағалаудың әдістерінде, тексеру мен кеңес беруде қолданылады.

Бірінші, екінші үлгілер бағалау жүргізу, қозғалмайтын дүниенің бағалауының есеп беруін реттейді. Үшінші үлгі бағалаудың есебін жасауда, оны тексергенде қолданылатын өлшемдер. Төртінші, бесінші үлгі жылжымайтын мүлікті, бағалаудағы бағалаушының кеңес алуын дамытудағы жинақтауына бағытталған. Алтыншы үлгі салық салуға қажетті жылжымайтын, кез келген меншік түрлерін жаппай бағалап, қажетті көрсеткіштерді жасайды. Сегізінші, жетінші үлгілер бағалауды жүргізіп, жеке дүниелердің бағалауының есебін жасау үшін өлшемдер қарайды. Тоғызыншы, оныншы үлгілер кәсіпкерлікті бағалау үшін өлшемдер кіргізеді.

Үлгілер басқарушылар шығарған нұсқауды да қосады, соған байланысты түсіндірме-талдаулар, ережелер көрсетіледі.

Бағалаушының жұмысында әдептілік, сыпайылық маңызды орын алады. Соған байланысты төрт түсінік берілген, олар мінез-құлық, басқару, құпиялық, есеп жүргізу туралы талаптар арқылы толыққанды әділ, пікір білдіру, сыпайышылдық қамтамасыз етіледі. Оған қоса бағалаушының білгірлігі туралы жағдайлы шешім қабылдауына тікелей жауапкершілік жүктейді. Үлгіде негізгі түсініктерге анықтама берілген, кейбір шектеулер арқылы ауытқулар көрсетілген.

Көрсетілген, он үлгідегі ережеге қоса, түсіндірмелер, анықтамалар берілген құжаттар бар. Бірыңғай үлгі (ISPAР) бағалау жұмысына мысал ретінде қолданылады, оны қайталау ұсынылмайды.

Шет елі тәжірибесі ретінде келтірілген екінші үлгі Еуропаның бағалау үлгісі.

Халықаралық аймақтық бағалау үлгілерінің бірі Еуропалық үлгі. Ол 2000 жылы қабылданып, төртінші басылымымен сипатталады. Сол жылдың 8 қарашасында Брюсселде бағалаушылардың Еуропалық бірігулерінде

бекітіліп, одақтарына кірген елдер үшін міндетті саналған, еуроодақ 2000 негізінде құрылған. Оның төртінші басылымы үлгілер, басшылық, тіркеулерден тұрады. Олар бағалауға қолданылатын жалпы қағидалар мен әдістерден құралған.

Бірінші үлгі- басқа құжаттар мен заңдарға сәйкестендірілген, оның ішінде ұлттықтары бар.

Екінші үлгі-кәсіби бағалаушы. Заңдарға, кәсіби орындардың талабына сайлығы көрсетіледі.

Үшінші үлгі- бағалауға тапсырма. Үлгідегі, оған жатпайтын жағдайлар қаралады.

Төртінші үлгі- бағалаудың негізі. Негізгі қағидалар мен үлгілер, әртүрлі құндардың (нарықтық, әділетті, пайдаланудағы) анықталуы.

Бесінші үлгі-қаржы есебінің бағалануы. Дүние – мүлік, ақшаның («актив» -латын сөзі «activus» – действенный -құнды) жіктелуі, олардың бағалауға негіз болуы, бағалау нәтижесінің мәліметін жариялаудағы талаптар. Үлгіде бағалаудың әдістемелік сұрақтары, жердің, жылжымайтын дүниенің, арнайы орындардың бағалау ерекшелігі көрсетіледі.

Алтыншы үлгі. Қаржы орнының құнды қағазының бағалануы, шығарылған қағаз бумаларының бағалануы. Бұл жағдайдағы бағалау негізі, бағалаушының ерекше міндеті. Үлгіде кепілдікке (ипотечный –грек сөзі *hypotheke* –салатын, қоятын) қоятын дүние-мүлік, қарыз мәселелері көрсетіледі. Мұндайда кепілдік құны міндеттену құны дегендерге түсіндерме беріледі, бағалаушыға тәуелсіздік, жауапкершілік, арнайы білімі туралы ерекше талаптар қойылады. Уландырғыш заттардың барлығын ескертеді. Дүние мүліктің иелігін, салымға қойылғандығын, амалсыз сатылатындығы көрсетіледі. Әр дүние түрлерін (салымдағы, сатылу мүмкіндігі, т.б)жойылу құндарын анықтайды.

Жетінші үлгі. Бағалаушының топшылауы, бағалаудың кейбір түрлері. Үлгі сатылатын дүниенің келешектегі, болжамды бағалауына арналған. Бағалаушының жұмысына мән бере түсіндіру түрі мен қойылатын талабына

сай маңызын анықтайды. Бұл орайда салым құны, келешектегі бағасы, болатын құны дегендердің түсінігін ашады.

Сегізінші үлгі. Салым салу үшін бағалау. Ол үшін салым, қауыпсыздандыру орындарының, зейнетақы қорының құнды қағаздарына салым салу сұрақтары қаралған. Үлгіде Еуроодақтың шешіміне байланысты нарықтық құнның анықталуы, салым мен бағалаушының кәсібилігіне байланысты әдістемелер қаралады. Қауыпсыздық орындары мен зейнетақы қорының баға жасауына талаптар қойылып, анықтамалар мен әдістері көрсетіледі.

Тоғызыншы үлгі. Жүргізілген бағалаудың есебі. Бағалаудың нәтижесі мен берілетін рұқсат қағаздардың (сертификат – латын сөзі *sertifico-удостоверяю*) түрлеріне байланысты сұрақтарды қарайды. Есепке талаптар қойылып, бағалау көрсетілетін тараулар айқындалады.

Баяндалған тоғыз үлгіден басқа Еуропалық бағалаудың 2000 жылғы үлгісі 13 басқару қағидалары мен әдістерін пайдалануды көрсетеді, олар:

1. Құнға әсер ететін жағдайлар;
2. Арнайы орындардың бағалануы;
3. Құрал-сайман, жабдықтардың бағалануы;
4. Салым салуға арналған дүние-мүліктің бағалануы;
5. Ауылшаруашылығы орындарының бағалануы;
6. Тарихи орындардың бағалануы;
7. Кәсіпкерлікті бағалау;
8. Дүниеге жатпайтындарды (құнды қағаз, жаңалық ашу-патент латын сөзі «patente» открития, ой меншігі т.б) бағалау;
9. Жылжымайтындардың еселігін бағалау;
10. Халықаралық бағалау;
11. Жауапкершілігі шектеулі; бірлескен кәсіпорындардың бағалануы;
12. Жер мен ғимараттар арасындағы құнды бөлу;
13. Әр елдердегі бағалаулардың өзгешілігі;

Еуропалық бағалаудың 2000 жылғы үлгісінде 9 қосымшалар бар, олар бағалаушыға қажетті мәліметтер, мысалы рұқсат қағазының талаптары, атап

айтсақ бағалау есебінің пікір берушілері, бағалаушының мінез-құлқы, бағалауға берілетін тапсырмалар мысалы, сөздердің түсінігі.

Жалпы алғанда Еуропаның үлгісінде кемшіліктер бар, ол АҚШ-қа карағанда бәсеңдеу. Бұл тұрғыда Ресейдің бағалаушылары да алда деп есептелінеді. Сондықтан Қазақстан тәжірибесіне ұсыну жөні бар.

1.8. Кәсіби бағалаушының тәртіп сақтау заңдары

Бағалаушының кәсіби жұмысы жауапкершілігінің оған артатын сенімнің басшылығынан өзін биязы ұстауды талап етеді. Ол төрт бөлімнен тұрады: мінез, ақы төлеу, құпиялылық, есеп беру. Бұл алдымен әрбір бағалаушыға қойылатын талаптар, бірақ бағалаумен шұғылданатын топтар мен ұйымдарға да тікелей жауапты.

Тәртібі(мінез-құлқы). Бағалаушы кәсіби талапқа сай сыпайы жұмыс істеуге міндетті, заңсыз, дөрекі қимыл жасамауы керек. Бағалаушы үшінші адам ретінде бағалауда, тексеруде, кеңес беруде өзінің міндетін алаламай, ақиқат, жеке мақсатқа бұрмай, тәуелсіз орындауы керек. Ол теріс кетіп, алдаудан аулақ болады. Алдын ала өтірік араластырып, есепті бұрыс жасап, қисық шешім қабылдатудан сақтанады.

Ақы төлеу. Бағалатушының (клиент-латын сөзі *clients* ісін бітірткізуші) ықпалымен бағалауды бұрып жасау, соған қосымша ақы алу әділетсіздікке жатады. Дұрыс сыйақы алу бағалау жұмысын жүргізудегі келісім шартта көрсетілуі тиіс шынайы еңбекақы атқарған жұмысына сай болуы керек.

Құпиялылық. Бағалаушы мен тапсырыс берушінің арасында құпиялылық сақталуы тиіс. Бағалатушының мәліметтерін, жасатқан тексерулері мен талдауларының нәтижесін ашпайды, кейбір жағдайда сыр білуші үшінші адам сенімділік анықтамасы, заңды құқығы, кәсіби орындарды қадағалаушылығын орындаушысы деген лауазымы болуы керек.

Есеп беру(құжаттар толтыру). Бағалаушы бағалау жүргізу, тексеру, кеңсе беру жөнінде жазбаша құжаттарын даярлайды, оны үш жыл мерзімінде сақтап, сот шешімінен кейін де екі жыл ұстайды.

Жазба мұралар (архив) да жазбаша есептердің бастапқы түрі, ауызша куәландыру мен есептер (немесе куәландыру көрсетулерінің баспасы), кәсіби тілмен жазылған үлгідегі мәліметтер мен өтініштер, қорытындылар мен тұжырымды негіздейтін құжаттар жинақталады. Мұраларға электронды, магнитті, басқадай құралдардың мәліметтері сақталады. Сот қарауына, бақылау орындарының сұранысына байланысты кез-келген уақытта бағалаушы мұраларды көрсетуі керек. Даулы жағдайда соттың шешімімен шындыққа ұласпайтындығы анықталады. Бұл ереже бағалаушының құқығы мен міндетінің бөлігі деп саналады, оның тәуелсіздігін көрсетеді, заңмен қорғалады.

Пысықтау сұрақтары

1. Қазақстан тарихындағы баға.
2. А.Смит, Д.Рикардо, К.Маркстердің баға туралы тұжырымы.
3. Құн, құндылық түсініктері.
4. Қазақстан ғалымдарының баға туралы ұғымы.
5. Баға экономикалық белгі.
6. Бағаның маңызы.
7. Нарықты экономикадағы баға жасау қағидалары.
8. Бағалау туралы ұғым.
9. Бағалауда берілетін, тапсырмалар.
10. Үлгідегі (стандарт – ағылшын сөзі «standart» - норма, образец) бағалауға берілетін үш негізгі анықтама.
11. Бағалау мақсаты
12. Төрт бағалаушы құндар
13. Нарық құнының мәні
14. Тарату, табыстылық құны
15. Халықаралық бағалау үлгісі
16. Басқару орындарының міндеттері
17. АҚШ-тың бағалау үлгісі
18. АҚШ-тың он үлгісінің мәні
19. Бағалау жүргізудегі тәртіп
20. Еуропа бағалау үлгісі
21. Еуропаның К-5 үлгілерінің мағынасы
22. Еуропаның 6-9 үлгілерінің мағынасы
23. Еуропа үлгілерінің 1-6 қағидалары мен әдістері
24. Еуропа үлгілерінің 7-13 қағидалары мен әдістері
25. Бағалаушылардың тәртіп сақтаудағы бөлімдері
26. Бағалаушының мінез-құлқы
27. Бағалаушыға ақы төлеу
28. Бағалаудағы құпиялылық
29. Бағалаудағы есеп беру
30. Бағалаушының тәуелсіздігі

II – тарау. Жылжымайтын мүлікті бағалау

2.1 Шығынға байланысты бағалау

Дүниенің құнын анықтау үшін салатын жердің құны мен құрылыстың шығынын қосып табады. Бұл көбінесе арнайы қолданылатын ғимараттың құнын шығарғанда қолданылады. Әдісті пайдалану төмендегідей жағдайларда қолданады:

- Салық салатын немесе тұтқынға алынатын ғимарат;
- Табысқа салық салуға, бухгалтерлік есеп жүргізуде ғимарат пен құрылыстың тозуын анықтағанда;
- Жылжымайтын мүліктің ең жоғарғы құнын анықтау;
- Ғимаратты сақтандыру;
- Жерді ең жақсы, тиімді пайдаланудың жолдарын табу;
- Жылжымайтын мүлікті жаңарту туралы шешім қабылдау.

Шығын арқылы бағалау келесідей кезеңдерден тұрады: жердің құнын анықтау, жақсарту шығынын анықтау, жаңарту түрлерінің тозуын шығару, жаңартудың барлық құны, ғимараттың жалпы құны (жаңарту+жер). Жаңарту құны екі өлшеммен сипатталады: орнын алмастырудың жалпы құны – құрылысты замануи мүмкіндікке байланысты, ғимараттың кейінгі құнына орай салу, сонылаудың толық құны – ғимараттың өзіне ұқсас, қолдану әдісімен салынған құрылыс. Жақсарту құнының түрін таңдау үшін төмендегілернегізге алынады: хабарламаның шектелуі, ғимаратты бағалаудың міндеті, бағаның жарамды мерзімі.

Жылжымайтын мүлік жалға алынған жерде орналасса, жердің құны мен жайластырылуы ғимараттың қорытынды құнына қосылмайды. Бұл жағдайда жалдау құқығы бағаланады. Сонылау, ауыстыру құндарын табу құрылыстың өлшемдерін пайдаланып дұрыс шығарудағы білім мен тәжірибеге байланысты.

Жылжымайтын мүліктің тозуын есептеу. Әртүрлі себептерге байланысты дүниенің құнын жоғалтуын тозу (износ) дейді. Оның ақшалай құны (амортизация – латын сөзі «amortisatio» – погашение) алғашқы (салғандағы) құны мен кейінгісінің айырмасы. Бағалауда жылжымайтын

мүліктің тозу құндарын есептеудің әдістері бар. Оның бірі бөлу әдісі. Тозудың үш түрін анықтайды: ескіруі (физический), қолдануға байланысты, сыртқы түрі. Ескеруі, бұзылғанға дейінгі күйі. Тәжірибеде оның екі түрін жіктейді: шектету, шектелмейтін. Шектетуде оның шығыны пайдалылығынан аспайды, оған көбінесе ұсақ жөндеулер жатады.

Шектелмейтін (түзеуге жатпайтын) тозуда жөндеуге жұмсалатын шығын ақталмайды. Оны табу үшін құрылыстарды ұзақ мерзімді (іргетасын, қабырғасын, су құбыры, электр жүйесін, төбесін), жылдам тозатын (сылау, суағар) деп бөледі. Ғимараттың жөндейтін бөліктерін есептегенде, оның қандай құрылыс нәрселерінен, қалай жасалғанын, ғимараттың басқа бөліктерімен байланысын бақылайды. Жылдам тозатындарға пайдалану кезінде бірнеше рет ауыстырылатындары жатады. Шектелмейтін тозуды анықтағанда құрылыс салушылар әдісін («инжиниринг» - ағылшын сөзі *engineering*, латын сөзі «*ingenium*» изобретательность, ойлап тапқыш қолданады (2.1.1 кестесі)

Кесте 2.1.1

Ғимарат бөлігінің пайдалану мерзімінің ұзақтығы әдісі (инжиниринг)

Ғимарат бөлігі	Қалпына келтіру құны, долл	Тозуы,	Жинақталған тозу долл (2 б x 3б:100)
1 бағана Негізгі қаңқа (каркас)	2 бағана 1200	3 бағана 30	4 бағана 360
Іргетас (фундамент)	800	30	240
Су желісі (водопровод)	4300	40	1720
Барлығы	6300	-	2320

Өртүрлі ұзақ мерзімді бөліктердің тозу үлесінің анықталуына көңіл аудару керек. Егер, сарапшылардың көрсетуінде бөліктердің тозу деңгейінің қалапқа келтірілуі салғанда байланыстырылуына байланысты болса, тозған бөліктің толықтай тозуының үлесімен бірдей алынады.

Бөліктерін қалыпқа келтіру тек тікелей шығындар емес, қосалқыларын да есепке алады, ол кәсіпорының да пайдасын қарастырады. Бұл орайда

нарықтың бағасына байланысты, анықтауларды қолданады. Пайдалану ұқсастығы әдісі тез тозатын бөліктерді анықтауды, пайдалануы мүмкін. Қысқа мерзімді қалыптастырудың жалпы құнынан алып анықтайды.

Қызмет атқаруына байланысты тозуды жылжымайтын мүліктің кейбір бөліктері заманауи талапқа сай болмаған жағдайда (қолайлылық, қауіпсіздік анықтайды. Бұл мүліктің қолданудағы кемшілігі мен басы артық жағдайларына сәйкес, қосымша шығындар. Қызмет атқарудағы тозуды есептеу (2.1.2 кесте)

Кесте 2.1.2

Қызмет көрсетудегі тозуды есептеу

Тозудың бөліктері	Бағалайтын ғимараттағы орналастыру, долл	Жаңадан салынатын ғимаратқа орналастыру, долл	Қызмет көрсетуіндегі тозу
Ауаны қалыпқа келтіру тетігі (кондиционер)	4800	4100	4800-41000700
Екінші жуынатын бөлменің жоқтығы	2300	1900	2300-19000400
Тазалық тетіктерінің жабдықтары	1200	-	1200
Ғимараттың қызметіне жатпайтын артық қымбат дүниелер	500	-	500

Қалыпқа келтірілген тозу ескіруіне байланысты болса, шығының жаңасымен ауыстыруға теңейді.

Қызмет көрсетудегі жойылмайтын тозу ғимараттың кемшілігі мен сапасын сипаттаудағы (ғимараттың жобалауының нашарлығы, орналасуындағы тығыздығы, тұрған жерінің қолайсыздығы, кіреберісінің жоқтығы, кіргізілген артық жылжымайтын мүлік бөлшектері) артықшылықтарына байланысты, құнының арзандауына байланысты.

Жойылмайтын қызметтік тозудың есептеуін жалдау төлемінің жоғалғанқұны әдісімен де анықтауға болады. (2.1.3 кесте)

Қызмет көрсетудің жойылмайтын тозуыны есептеу

Көрсеткіштер	Мәндері (долл)
Бағалау орнының жалдау төлемі(1-ұйықтайтын бөлме)	1200
Сол сияқты ғимаратта жалдау төлемі (2 ұйықтайтын бөлме)	1400
Жалдаудың төлемінің азаюы (2 жолдан – 1 жол)	200
Жалпы табыстың азаюы (мультипликатор – латын сөзі multipleator–умножащий, экономический показатель)	110
Құның жоғалту (жойылмайтын қызмет тозуы 3 жол x 4 жол)	22000

Жалдау төлемі (аренда-латын сөзі *arrendare* – отдавать в наем, келісіммен жалға беру).

Жылжымайтын мүліктің артық бөліктері ғимарат құнын шығарғанда есепке алынады.

Сыртқы(экономикалық) тозу-меншік дүниесіне әсер ететін сыртқы жағдайлардан туындайды, оның құнына әсер етеді. Жиі кездесетіндері төмендегідей:

- табиғый орындар;
- маңындағы жерлердің әсері;
- көршінің меншігі;
- жылжымайтын мүлік нарығындағылардың бәсекелестігі;
- әлеуметтік жағдай;
- жұмыс орнынан қашықтығы;
- жағдай туғызудың дамуы;

Экономикалық тозу ұқсас дүниенің жалға беру құнының төмендеуімен өлшенеді. (2.1.4. кесте)

Кесте 2.1.4.

Жалға беру төлемінің негізінде экономикалық тозуды есептеу.

Көрсеткіштер	Мәндері
Жалдау құнының азаюы, $S m^2$	50
Жер телімінің жағдайына байланысты азаюы $S/50 \times 0,5$)	12,5
Жақсаруына орай құнның өзгеруі $S(50-0.75)$	37,5
Экономикалық тозу, $S (37,5 \times 11)$	4125

Ұқсас дүниенің жалпы тиімдік көбеюі көбейіп, 110 құрайды.

Бұл әдіс экономикалық тозу жақсарған кезде болатынын көрсетеді, өйткені жалдау құны пайдалануына байланысты алынады. Оған қарамай төлем жер телімінің жағдайына тәуелді. Орналасу орындарына байланысты бағалаудың 25% жердің құнына 75% жақсаруының үлесіне келеді. Экономикалық тозу қосақтап сату әдісімен де анықталуы мүмкін. Мұндайда салыстыратын екі жылжымайтын мүліктің біріне экономикалық тозу әсер етіп, екіншісіне сыртқы қоршаған орта ықпал жасамайды. Мысалға бір қабатты жаңа құрылыстың екі машинасы мен қоятын орны, жергілікті мектептен қашық орналасқан жағдайын келтіруге болады. Салыстыруға соған ұқсас ғимараттың мектепке жақын тұратындығын салыстырамыз (2.1.5 кесте)

Кесте 2.1.5

Қосақтап сатудағы әдіспен экономикалық тозуды есептеу

Көрсеткіштер	Мәні
1. А ғимаратының (бағалау орын) сату бағасы	192000
2. В ғимаратының (бір машинелік орнымен) сату бағасы	178000
3. Құнының айырмасы (1 жол- 2 жол)	14000
4. Ғимараттың нарықтық құнына екі машиналық орынды қосамыз	12000
5. Ғимараттың нарықтық құнына бір машинаның орнын қосамыз	4000
6. Машина орындары құнының айырмасы (екі орындық-бір орын)	8000
7. А, В ғимараттарының мектепке қашықтығына байланысты құнының өзгерісі (3 жол – 6 жол)	6000
8. Жер телімі бірдей болғандағы орнын жақсартуға орай құнының азаюы (7 жолдың құнының 75%)	4500
9. Мектеп қашықтығына байланысты тозу үлесі (8 жол: 1 жол x 100)	2,34

Жоғарыдағы мысалдарда келтірілген тозулардың жиынтығы келесі кестеде (2.1.6) шығарылған.

Жинақталған тозуды бағалау

Көрсеткіштері					Мәні
Ескіруі					
А. Жөндеуге келетін					
1. Бояу және әдемілеу					2500
2. Бес үйдегі кілемді ауыстыру					1750
3. Су құбырын жөндеу					2200
Барлығы					6450
Б. Қысқа мерзімді пайдалану – жөндеуге келмейтін тозық					
Бөліктері	Қалпына келтіру құны	Нақтылы енгізілу мерзімі (жыл)	Күтілетін мерзім (жыл)	Жинақталған тозу %	Тозу құны долл
Терезе жапқыш	800	5	20	25 (5:20x100)	200 (800x25:100)
Кілемдер	5250	5	10	50	2625
Кебеже (шкаф)	22000	5	25	20	4400
Жылыту	61600	5	30	16,7	10288
Тұрмыс аспаптары	11000	5	15	33,3	3663
Желдеткіш	11000	5	15	33,3	3663
Сумен қамтамасыз ету жүйесі	55000	5	15	33,3	18315
Барлығы	166650	-	-	-	43153
Ұзақ мерзімге пайдаланылатын жөнделмейтін тозық					
Құрылысты қалпына келтірудің толықтай құны					545930
Жөнделетін тозу					6450
Қысқа мерзімге пайдаланатындардың толықтай құнын қалыпқа келтіру					166650
Тозуына орай қалпына келтірудің толықтай құны (545930 – 6450-166650)					385730
Ұзақ мерзімді бөліктер (тиімді мерзімі 5жыл), пайдаланатын уақыт 60 жыл, жиналған тозық $5:60 \times 100 = 8,37\%$, құны $385730 \times 8,33:100 = 321315$					32131
Пайдаланудағы тозу					
А.Жөндеуге келетін					
Тұрмыс аспаптарын жаңалау					12000
Қолдағы аспаптардың құнын алып тастау					7370
Барлығы жөнделетін тозық					4630
Б.Жөнделмейтін тозық					
Қабат орналасуының нашарлығынан жолдау ақысының азаюы (жалпы пайда мөлшері 5:10x12айx29 үйx5)					12000

Экономикалық тозу	
Кәсіпорын жақындығына байланысты жалдау құнының азаюы: 15x12айx20үйx5	18000
Бағалау орнын қалпына келтірудің толықтай құны	545930
Жинақталған тозық:	
1. Қалыпты жөнделетін	6450
2. Қалыпты жөнделмейтін (қысқа мерзімді бөліктер)	31714
3. Қалыпты жөнделмейтін (ұзақмерзімді бөліктер)	31068
4. Пайдаланудағы жөнделетін	4630
5. Пайдаланудағы жөнделмейтін	12000
6. Экономикалық тозу	18000
Барлық тозу	103862
Тозуымен қоса ғимарат құны (545930-103862)	442068
Жердің құны	50000
Шығын әдісімен бағалау құны	492068

Пайдалану мерзім әдісі.

Орынның экономикалық өмір мерзімі – жер телімінің құнына жақсарту үлесін қосатын уақыт бөлігі.

Пайдалану мерзімінің уақыты ғимараттың тұруға пайдалануға жарамды кезі. Ғимараттың пайдалы мерзімі – сыртқы көрінісінің, жарамдылығының, қоршаған ортасының экономикалық әсерінің бағалауларына негізделген. Ғимараттың қалған экономикалық өмірінің мерзімі – бағалаудан кейінгі экономикалық өмірінің ақырына дейінгі уақыт.

Ғимараттың тозуындағы өмір ұзақтығы (пайдалану мерзімі) келесі үлгісімен шығарылады, $\frac{T}{Қққ} = \frac{T_{им}}{ЭөҚм}$; мұндағы T-тозу, %, $T_{им}$ – тиімді мерзім, Қққ-қалпына келтіру құны, ЭөҚм-экономикалық өмірдің қалыпты мерзімі. Өзгерген түрінде үлгі $\frac{T_{им}}{ЭөҚм}$ қалыпқа келтіру құнының тозу үлесі, %.

Бағалау тәжірибесінде көбірек қолданылатын үлгі: $T = \frac{T_{им}}{T_{им} + ҚЭӨ}$ мұндағы ҚЭӨ- қалған экономикалық өмір, жыл.

Мысалдар: 1. Бағалау орнының есептеу бойынша экономикалық өмірі 50 жыл, есепті жылы 20жас, орынды қарап, жеріне лайықтылығы бойынша тиімді уақыт 25 жыл, салыстырсақ $\frac{25}{50} = 0,5$ немесе тозуы 50 %.

2. Бағалау орнының есептеудегі экономикалық өмірі 50 жыл, есептеудегі уақыты 20 жыл, тиімді мерзімі 20 жыл. Салыстырсақ $\frac{20}{50}$ немесе тозу үлесі 40 %

3. Бағалау орнының экономикалық өмірі 60 жыл (1,2 мысалдарға карағанда құрамы ерекше, сәнділігі («дизайн» – ағылшын сөзі «desing» өнімнің көркемдік құрылымы) жетілдірілген), есепті уақыты 20 жыл, тиімді уақыты 12 жыл (өңдеу жүргізілген, сыртқы ортаның теріс әсері жоқ). Салыстырсақ $\frac{12}{60}=0,2$ немесе тозуы 20 %.

Экономикалық пайдалану мерзімін шығаруда бағасына ықпал жасайтын барлық жағдайларды есептеу керек, олардың нарықтағы өзгерісіне көңіл аудару керек.

Нарық сұрыптауының әдісі. Бұл әдіс салыстырмалы сатудың мәліметтеріне негізделеді. Бағалау орнының тозуы төмендегідей ретпен анықталады:

1. Сатылмақшы дүниеге ұқсас жақында сатылғандардың талдайтын мәліметтерін, жинау;
2. Ұқсас орындардың жерінің құнын анықтау.
3. Ол құннан жақсарту айырмасын табу.
4. Сату мерзіміне тозуды есептемей қалпына келтіру құнын шығару.
5. Жылжымайтын мүліктің көрсетілген 4 бөлімінің 3 бөлімнен айырмасы.
6. Ұқсас орынның тиімді жасын анықтау.
7. 5 бөлімді тиімді жасына бөліп тозудың орташа көлемін табу.
8. Орташа жылдық тозуды жақсартудағы қалпына келтіру құнына бөліп тозудың орташа жылдық үлесін (%) табу.

Мысал. Жылжымайтын тұрғын орынның сипаттамасына байланысты, оны, бағалау:

- тиімді жасы – 20жыл;
- машина қоятын қора – 9900 долл.
- жер, құны 27000 долл.
- үйдің қалпына келтіру құны -81,75 долл/м².
- үйдің жалпы аумағы – 2200м²

Тозуды 2.1.7 кестеде шығарамыз.

Кесте 2.1.7

Үйдің тозу есебі

Көрсеткіштері	Мәні
1. Ұқсас үйдің бағасы	165000
2. Жердің құны	36000
3. Жақсарту құны (1 жол – 2 жол)	129000
4. Ұқсас үйдің қалпына келтіру құны	207000
5. Тозу құны (4ж-2ж)	78000
6. Ұқсас үйдің тиімді жасы, жыл	13
7. Жалпы тозудың орташа жылдық мөлшері (5ж:6ж)	6000
8. Жалпы тозудың орташа жылдық үлесі (7ж:4жx100) %	2,89
9. Жылжымайтын орынның қалпына келтіру құны (8,75x2200)	179850
10. Тиімді жасы, жыл	20
11. Жылжымайтын орынның тозу жиынтығы (9 жол x 8 жол x 10 жол : 100 %)	103953
12. Тозуына байланысты жылжымайтын мүліктің құны (9ж-11ж)	75997
13. Бағалау орнының құны (75897+9900+3600+27000)	116397

Жинақталған тозудың әрбір түрлерін бөліктеуге болады, солардан экономикалық тозуды шығарады (2.1.8 кесте).

Кесте 2.1.8

Көрсеткіштер	Мәні
1. Жиынтық тозу	103953
2. Ескеруі	39000
3. Пайдаланудағы тозуы	21900
4. Экономикалық тозуы (1ж-2ж-3ж)	43053

2.3. тозуларды ғимаратқа қарап анықтайды, олар дұрыс болмаса нәтиже бұрмаланады.

2.2. Салыстырмалы бағалау.

Салыстырмалы бағалау сатылмақшы дүниенің нарықтағы құнымен анықталады, ол өзіне ұқсас заттың құны, оны ауыстырып, қажеттілікті басады. Салыстыру жылжымайтын мүлікті сатқанда қолданылады. Бұл бағалауды жүзеге асырудың төмендегідей жолы бар.

1. Сатылған немесе сатуға қойылған ұқсас дүние туралы мағлұмат жинау. Ол тұрған орнына, көлеміне, жасына, қолайлылығына, сатуға байланысты сипаттамаларына байланысты. Сатылатын дүние салыстыратынға ұқсас болса, соғұрлым құнды.

2. Нарық мәліметін тексеру. Сатудағы мәліметтерді төмендегідей бағытта жүргізген жөн:

- сату себептері (мәжбүрлілік, ерікпен)
- сатуға қатысушылар арасындағы байланыс, тәуелсіздігі;
- жылжымайтын мүлік, оның нарығынан, хабардарлығы;
- сатуға, сатып алуға уақыттың жеткіліктілігі;
- нарыққа сәйкес қаржыландыру;
- сатушы мен алушы арасындағы кеміту;
- сатудың арнайы жағдайы (сатуға қосымша дүниелерді қосып беру)
- сатушының жылжымайтын мүлікті пайдалана тұруы есептеліне ме:

Бір, немесе бірнеше белгілер арқылы келісім бағасы нарық құнына лайық болмағанда бағалаушы ұқсастардың қатарынан шығарады.

Сатуға қойылатын дүние талапқа сай болмаса есептен шығарылады.

3. Салыстырмалы дүниеге байланысты сатылатын заттың сипаттамасына өзгерістер енгізеді. Бұл жағдайда бағалаушы екі мәселені шешуі керек, бірі салыстыру көрсеткіштерін таңдау, екіншісі салыстыру өлшемін табу. Түзету енгізгенде сатылатын дүние салыстыратынмен бірдей болған жағдайда қанша тұратындығын анықтайды. Егер салыстырған дүние сатылатыннан жақсы болса бағаны қаншаға азайту, керісінше жағдайда қымбаттату көзделеді. Түзету жасалғанда қосымша сипаттаманың нарық құнына сүйенеді. Егер қосақтап сатуда дүниелер тек бір ғана маңызды

өзгерісі болса, бағаның айырмашылығы соған ғана байланысты болады.

(2.2.1 кесте)

Кесте 2.2.1 (доллар)

Қосақтап сату

Сипаттама	1-қосақ	2-қосақ	3-қосақ	4-қосақ	5-қосақ
1.Үй су алабымен	85000	94000	88000	91000	91000
2.Үй су алабынсыз	69000	78500	72750	75000	74500
Ауытқуы (1жол-2жол)	16000	15500	15250	16000	16500
Бағалаушының түзеуі	Мода (үлгі) =16000 Медиана (бұрыштың жартысы) =16000 Орта есептік =15850 Қабылданғанын :16000				

Пайыздық өзгерістер, ерікті немесе көбейту («кумулятивный» - латын сөзі «супулатио»- увеличение) негізінде жасалады. Ерікті өзгерісті сатып алушы ешқандай байланыссыз деп есептегенде қолданып, болмаған жағдайда көбейту пайдаланылады.

2.2.2. кесте

Салыстырылатын құрылымның бағасына пайыздық түзету (долл)

Сипаттама	Ұқсас құрылым	Ерікті негіздегі түзету	Көбейту негізіндегі түзету
1.Сату бағасы	100000	-	-
2.Табиғатта орналасуы	Бағалаушы орнынан 5% жақсы	-5%	0,95
3.Сату мерзімі	4 ай бұрын	+4%	1,04
4.Қолайлылығы	Бағалау орнынан 10% жақсы	-10%	0,9
5.Жағдайы	Бағалау орнынан 2% төмен	+2%	1,02
6.Жалпы түзету	-	-9%	0,907
7.Салыстыратын орынның түзету құны		100000x 0,91%=91000	100000x0,907=90 700

Жылжымайтын мүліктің дамыған нарығында, ұқсас орындарды көптеп сатқанда, ол туралы мәліметтерді алу еркін болғанда, бағалаушының жалпы топтастыру әдісін қолдануына болады.

Мысалы, бағалаушы нарық бағасының аздаған өзгерісі бар, бір мезгілде сатылатын бірнеше салыстырмалы құрылымдарды анықтайды. Мұндай жағдайда олардың орта бағасы сатылатын орынның нарықтағы құны ретінде қолданылады. Сатып алушының ойынша дүниенің құнына әсер ететін салыстырмақшылардың төмендегідей сипаттамаларына көңіл аудару керек:

1. Сатылу мерзімі.
2. Орналасуы.
 - 2.1.Пайдаланудағы қондырғылары.
 - 2.2.Қатысу көлігі .
 - 2.3.Қосымша жағдайларға қосылуы.
 - 2.4.Көршінің меншігі.
 - 2.5.Барып қайтуы.
3. Сатылу жағдайы.
 - 3.1.Сатып алушының жабардарлығы.
 - 3.2.Арнайы жеңілдік.
 - 3.3.Сатушының келешектегі тұру мүмкіндігі.
4. Қаржыландыру жағдайы.
 - 4.1.Салым жүйесі.
 - 4.2.Үстеме төлем үлесі.
 - 4.3. Қарыздың уақыты
5. Құрылым сипаттамасы.
 - 5.1.Құрылым аумағы.
 - 5.2.. Жерінің аумағы.
 - 5.3.Құрылыс сапасы.
 - 5.4.Құрылымдық, көлемді жоспарлау шешімдері.
 - 5.5.Пайдаланудағы сипаттамалары.
 - 5.6.Қолайлылығы.
 - 5.7.Пайдалануға жарамдылығы.

Жылжымайтын орынды салыстырмалы түрге айналдыру үшін

пайдаланылатын өлшемдер:

- 1га жердің бағасы;
- 1^{м2} жердің бағасы;
- 1 бөліктің бағасы;
- жалпы аумақтық 1^{м2} бағасы;
- ғимараттың 1^{м3} көлемінің бағасы;
- бір бөлменің бағасы;
- бір пәтердің бағасы;
- табыс әкелетін бірліктің бағасы (көрудің бір орны, бір машинаны қою орны)

Сонымен , жылжымайтын орынның құны жағдайы мен экономикалық сипаттамасына байланысты реттеледі.

Мысал. Жиырма пәтерлік тұрғын үйді бағалау керек. Бағалау есебін орындау үшін үш ұқсас үйлер таңдап алынған.

1-үй. Үш ай бұрын сатылған. Орналасқан жері ұқсас, бірақ көрінісі жақсы (айырмашылығы 5000 доллар бағаланған). Шомылатын жері ұқсас (16000доллар бағаланған).

2-үй. Алты ай бұрын сатылған. Шомылатын су орны бар. Әдеттегіге карағанда қаржылық жеңілдік берілген (бағаға 15000 долл.қосылған)

3-үй. Автобус аялдамасына жақын орналасқан, бағасы 3000долл.кемітілген) Екі күн бұрын сатылған. Суға түсетін жері жоқ.

Жылжымайтын мүліктің бағасы айына 0,5% өседі. Қосақтап – сату әдісі мен бағалау орнының құнын анықтаймыз (2.2.3. кесте)

Кесте 2.2.3

Құнды түзету

Сипаттама	Бағалау орны	1-үй	2-үй	3-үй
Сатылу бағасы, долл	-	600000	750000	450000
Есептеуге байланысты өзгерту				
Сатылу мерзіміне орай	-	9000(1,5)%	22500(3%)	-
Шомылатын жер	бар	бар	бар	жоқ +16000

Жер әсемдігі	-	жақсы (-5000)	ұқсас	ұқсас
Қаржыландыру жағдайы	нарықтық	нарықтық	жеңілдік(-15000)	нарықтық
Орналасқан орны	-	ұқсас	ұқсас	жақсы (-3000)
Өзгертілген баға	-	604000	757500	463000
Пәтер саны	20	25	30	18
Бір пәтердің түзетілген сату бағасы(7ж:8ж)	-	24,12	25,25	25,72
Бір пәтердің сатудағы орташа бағасы		25,04		

Ғимараттың бағалау құны 500800(25,04x20)

Бір пәтердің түзетілген құны орташа өлшемдік мөлшер ретінде де анықталуы мүмкін. Ол үшін салыстыратын (сәйкес) орынның ең жоғарғы еселігі қойылады (ол бірге тең), сипаттамасы бағалау ғимаратына жақындау болуы керек. Сатылу мерзімінің уақытша түзетуі ай немесе жылға пайызбен анықталады, орналасуындағы өзгерісін пайызбен көрсетуге болады.

Бағалау орны мен салыстырмалы сатулардың қатынасы төмендегідей болуы да мүмкін.

1. Бағалау орны мен сәйкестер ұқсас болғандықтан түзету қажет болмайды.

2. Салыстырмалы сатудан бағаланушы 10% жақсы, оның бағасы 10% жоғары болуға тиіс (еселікке 1,1 пайдалануға болады).

3. Салыстырмалы сатудан ғимарат 10% төмен, құны 10% кем (еселік 0,9)

4. Салыстырмалы сату сатылмақшыдан 10% артық, бағалау мөлшерін 1,1 бөліп азайтады.

5. Салыстырмалы сату сатылатыннан 10% нашар, бағаланатын дүниенің құны көтерілуі керек, бағасын салыстыру бағасын 0,9 бөліп шығарады.

Доллармен түзету жеңілірек, өйткені оны әртүрлі сипатталарға қолдану нәтижесін өзгертпейді, ал пайызбен шығару ақырғы түзетуге әсер етеді. Кез келген жағдайда бағалаушы өзі шешеді. Американың бағалаушылар институты жылжымайтын мүлік нарығының сипаттауына сай түзетудің төмендегідей ретін ұсынады:

1. Дүние құқығын ауыстырып беру. Бұл бағалаушы мен сатушы құқықтарының айырмасын түзейді.

2. Қаржы жағдайы. Түзету жылжымайтын мүлікті сатып алудағы қаржы жағдайын ескереді.

3. Сату жағдайы

Бағалау құнының кейбір жағдайларға байланысты нарыққа сәйкес келмеуі тәуелді саудаға қатысушылардың өзара келісімі.

4. Мерзімнің әсері. Бағалау орны мен салыстырмалы сатудың мерзім айырмашылығына байланысты нарық құнын түзету.

5. Орналасуы. Орны бағасына әсер ететін салыстырмалы ғимараттардың араласуындағы кез-келген өзгерісті есепке алу.

6. Пайдалануға жарамдылығының сипаттамасы. Кез келген сәйкессіздікті есепке алу.

Ұлғайтуға негізделген пайыз түзетуін қолдану сәйкестендіретін сипаттаманың мәнін өзгертпейді.

Бағалану орнының құндық көрсеткіштерін сәйкестеріне қарап түзету төмендегідей әдіспен жүргізіледі. Мысал. Бағалау орнының сипаттамалары:

1. Тұрғын құрылыс
2. Салған мерзімі – 01.02.2001ж.
3. Бағалау мерзімі – 01.04.2004 ж.
4. Жобалануы – шектес бөлмелер
5. Пәтердің жағдайы, жөндеу қажет.
6. Электр сымы тартылған.
7. Жалпы аумағы – 60 м²

Ұқсас ретінде кейінгі бір айда сатылған 10 үй алынады, олардың сипаттамасы 2.2.4 кестеде келтірілген.

Кесте 2.2.4.

Ұқсас үйлердің сипаттамасы

Сатылу бағасы, долл	Жалпы, аумағым ²	1 м ² бағасы, доля	Сипаттамалары		
			Электр сымы тартылған	Жобалануы	Жөндеу
36600	61	600	Жоқ	Жекеленген бөлме	Қажет емес
33800	52	650	Бар	Жекеленген бөлме	Қажет емес
27360	57	480	Бар	Жекеленген бөлме	Қажет
32450	59	550	Бар	Байланысты бөлмелер	Қажет емес
35190	69	510	Бар	Байланысты бөлмелер	Қажет
30500	61	500	Жоқ	Байланысты бөлмелер	Қажет емес
28910	59	490	Жоқ	Байланысты бөлмелер	Қажет
33490	62	540	Жоқ	Байланысты бөлмелер	Қажет емес
37800	60	630	Бар	Байланысты бөлмелер	Қажет емес
40300	65	620	Бар	Байланысты бөлмелер	Қажет емес

Жылжымайтын мүліктің құны сәйкес үйлердің орташа бағасының негізінде шығарылады. Есептеу арқылы әрбір сипаттамалардың қатынасын құрып мәнін табамыз (2.2.5. кесте)

Кесте 2.2.5.

Үйлердің сипаттамасына байланысты бағасының жоғарылау есебі

Ұқсас үйлер	1м 2 бағасы, долл	Үйлердің сипаттамасына байланысты мөлшерлеу					
		электр сым тартылған		жобалануы		жөндеу	
		бар	жоқ	жекеленген	байланысты	қажет	қажет емес
1	600		600	600		600	
2	650	650		650			630
3	480	480		480		480	
4	550	550			550		550
5	510	510			510	510	
6	500		500		500		500
7	490		490		490	490	
8	540		540		540		540
9	630	630			630		630
10	620	620			620		620
Барлығы	-	3440	2130	1730	3840	2080	3490
Орташа мәні	-	$3440:6=573$	$2130:4=532$	$1730:3=577$	$3840:7=549$	$2080:4=520$	$3490:6=582$
Үйдің сипаттамасына орай құнның өсуі	-	$573-532=41$		$577-549=28$		$582-520=62$	
Өсімнің төменгі мәніне қатынасы	-	$41:28=1,416=1,5$		$28:28=1$		$62:28=2,2=2,0$	

Әрбір сипаттаманың бағаға қосар үлесін пайдаланып 1 м^2 аумақтың орташа бағасын шығарамыз (сым тартылуы: бөлме жобалануы: үй-жағдайы – жөндеу қажеттілігі) = $1,5:1:2$. Үлес әрбір үй бойынша бағаланатынмен қосқталып салыстыру негізінде шығарылады, егер бағаланушы үйдің сипаттамасы ұқсаспен сәйкестенсе үлес беріледі, сәйкестенбесе нөл қойылады (2.2.6 – кесте).

Сатылатын үйдің бағасын шығару

Ұқсас үйлер	1м2 бағасы, долл	Сипаттамалар үлесі			Үлес қосындысы	1м2 орташа бағасы (2 бағана х 6 бағана)
		Тоқ сымы	жобалау	жөндеу		
1	600	0	0	0	0	0
2	650	1,5	0	0	1,5	975
3	480	1,5	0	2	3,5	1680
4	550	1,5	1	0	2,5	1375
5	510	1,5	1	2	3,5	1785
6	500	0	1	0	1	500
7	490	0	1	2	3	1470
8	540	0	1	0	1	540
9	630	1,5	1	0	2,5	1575
10	620	1,5	1	0	2,5	1550
Барлығы	-	-	-	-	21	11450
1 м2 орташа бағасы					11450:21=545	
Бағалайтын үйдің құны					545x60=32700	

2.3. Табысқа байланысты бағалау

2.3.1 Жалпы табысты көбейту тәсілі(«рента» – латын сөзі «reddita» – возвращенная, қайтып оралу, жерді, дүниені, қорды пайдалана бергеннен түсетін табыс, «мультипликатор»–латын сөзі «multiplicator» – умножающий).

Егер жылжымайтын мүліктің (тұрғын үйді) пайдалануына байланысты мағлұмат алуы мүмкін болмағанда немесе ол шындыққа үйлеспесе бағалауы үшін табысты көбейту тәсілін пайдаланған жөн. Бұл әдіс сатылатын дүниенің құны мен одан түсетін (жалдағанда) пайданың байланысы болған кезде қолданылады.

Әдісті қолдану реті. Ұқсас дүниелердің бағасын талдап, түсетін табысты шығарады. $ЖТӨ = \frac{ҰДБ}{ЖП}$; мұндағы ЖТӨ – жалпы табыстың өзгерісі, ҰДБ – ұқсас дүниенің бағасы, Жп – жылдық пайда. Бағалаушының ойлауына байланысты жалпы табыстың өзгерісін орташалау керек, бұл жалғыз мән тұрғын үйлер жылжымайтын мүлігінде нарық қатынасының сипаттамасын көрсетіп, келесі есептерде пайдаланылуы керек. Егер бағалау орны сатылғанға дейін жалға берілмесе, ұқсастардың жалдау ақысын пайдаланып есептеу жүргізу жасалады. Бағалау орнының құны $Қ=ЖТӨ \times ЖП$ болады.

Есептеудің оңайлығына қарамай әдісті салыстыратындардың нәтижесі нақтылы болуы керек. Егер нарықтық мәлімет шындыққа ұқсаса жалдау ақысы орташа межетінде пайдаланылады, болмаған жағдайда түзету енгізу керек. (2.2.7 - кесте).

Мысалдар: 1-үй. Орналасқан жері бағалайтынмен ұқсас. Жуынатын бөлме, бір машиналық қора, орталықтандырылған ауданы қалыпқа келтіретін қондырғысыз. Жалдауға жылына 1215 долл. берілген, жиһазсыз, үй-жай ақысынсыз.

2-үй. Сол аудан. Екі жуынатын бөлме, бір машиналық қора, ауа реттеушісіз. Жалдауға жиһазсыз, үй-жай төлемінсіз, жылына 1275 долларға берілген.

3-үй. Сол аудан, екі жуынатын бөлме, екі машиналық қора, ауа реттеушісіз, жалдауға жиһазсыз, үй-жай төлемінсіз, жалдау ақысы жылына 1320 доллар.

4-үй. Сол аудан. Ауа реттеушісі бар, екі жуынатын бөлме, екі машиналық қора, жиһазсыз, үй-жай төлемінсіз, жылына жалдауы 1395 доллар.

5-үй. Сол аудан. Бір жуынатын бөлме, бір машиналық қора, ауа реттеушісіз. Жиһазсыз, үй-жай төлемін қоса жылына 1410 долларға жалға берілген.

Кесте 2.2.7

Жалдау ақысының есебі

1. Жуынатын бөлме санына түзету	Жалдау ақысы, доллар
1.1. Салыстыратын үй (1), 1 жуынатын бөлме, 1 машиналық қора	1215
1.2. Салыстыратын екінші үй: жуынатын 2 бөлме, 1 машиналық қора	1275
1.3 Екінші жуынатын бөлмеге келетін айырмашылық	60
2. Машина қоятын қораның аумағына түзету	
2.1 Салыстыратын үй (негізгі): 1 жуынатын бөлме, 1 машина қою	1215
3. Жуынатын бөлме санына байланысты түзету	
3.1 Салыстыратын 2-үй: екі жуынатын бөлме, бір машина қоятын қора	1320
3.2 Екінші жуынатын бөлмеге келетін айырмашылық (1.3. бөлім)	60
3.3 Реттелген жалдам ақы (3.1 – 3.2 бөлім)	1320-60=1260
3.4 Машина қоятын қосымша орынға келетін айыры (3.3 – 2.1	1260-1215=45

бөлім)	
4. Ауа реттеуішке түзету	
4.1 Салыстыратын үй (1): бір жуынатын бөлме, бір машина қорасы, ауа реттеуішсіз	1215
4.2 Салыстыратын үй (4): екі жуынатын бөлме, 2 машина қорасы	1395
4.3 Екінші жуынатын бөлмеге айырмашылық	60
4.4 Машинаның қосымша орнына айырым	45
4.5 Реттелген жалдам ақы (4.2 – 4.3 – 4.4 бөлім)	1395-60-45=1290
4.6 Ауа реттеуішке келетін айырмашылық (4.5 – 4.1 бөлім)	1290-1215=75
5. Жалдам ақыға үй-жай төлемін қосудағы айырма	
5.1 Салыстыратын үй (1-негізге алынушы): бір жуынатын бөлме, бір машиналық қора, орталықтандырылған ауа реттегішсіз, үй-жай төлемін жалдау ақыға қоспау	1215
5.2 Салыстыратын үй (5): бір жуынатын бөлме, бір машина қорасы, ауа реттегішсіз, үй-жай төлемі жалдау ақыға қосылған.	1410
5.3 Үй-жай төлемін жалдам ақыға қосудың айырмасы (5.2 – 5.1 бөлім)	1410-1215=195

Үйді бағалағанда кейінгі жалдам ақыны немесе салыстыру арқылы түзету жасалғанды алу керек.

2.3.2 Қалдық әдісі. Құн бұл жағдайда табыс қалдығының бағасын анықтау арқылы шығарылады. Табыстың қалдығы бағаланатын дүниенің табысы аяқталғанда есептелінетін сома.

Жерге байланысты қалдықты есептеу. Жер өзі ештеңе өндірімегенмен өндірістің қажеттілігін қанағаттандырады, сол әдістің негізіне алынады. Бұл - ғимараттың жаңа құны мен келешек пайдалануына қажет, сондықтан дәлірек анықталғаны дұрыс.

Мысал: ғимараттың құны 450000 доллар. Экономикалық өмірі 50 жыл. Салымның табыс үлесі 12 %. Жылжымайтын мүліктің құнын есептеу үшін ғимаратқа түскен салымды қосқандағы жердің қалдық бағасын есептеуге тікелейбағыттағы әдісті қолданамыз. (2.3.2.1 кесте)

Кесте 2.3.2.1

Жер құнының қалдығын есептеу

Көрсеткіштері	Мәні
1. Пайдаланудағы таза табыс (1-ші жыл)	65000
2. Ғимараттың құны	450000
3. Қордың (салымның) жылдық қайырымы (100%:50=2%)	2
4. Салымның үлесі (қорландыру), % (12%+2%=14%)	14
5. Ғимараттың табысы (2 жол x 4 жол:100)	63000
6. Жерге келетін табыс (1 жол – 5 жол)	2000
7. Жердің құны (салымның 12 % шектеусіз мерзімге) (6 жол:12 x 100)	16667
8. Бағалау орнының құны (2 жол+7 жол)	466667

Елу жыл ішіндегі ғимараттан түсетін табысты жобалау үшін салымы бірдей мөлшерде («аннуитет» – латын сөзі «annuitas»- ежегодный платеж) қайтарылу әдісін қолдану керек (2.3.2.2 – кесте)

Кесте 2.3.2.2

Салымның бірдей мөлшерде қайтарылу әдісі

Көрсеткіштері	Мәні
1. Пайдаланудағы таза табыс	65000
2. Тозу («амортизация» – латын сөзі «amortisatio» - погашение) үлесі (50 жыл, 12%)	0,120417
3. Ғимараттың құны	450000
4. Ғимараттан келетін табыс (3 жол x 2 жол)	54188
5. Жерден келетін табыс (1 жол – 4 жол)	10812
6. Жердің құны (5жол:12 x100)	90102
7. Бағалау орнының құны (3 жол+ 6 жол)	540102

Қолданылатын салым үлесін анықтау әдісі жобаланатын табысқа сәйкес келуі керек. Тікелей бағыттағы әдіс жердің табысының тұрақтылығы мен ғимараттыкінің қысқартындығының болжамына негізделген. Ал, бірдей мөлшерлік (аннуитет) жер мен ғимараттан түсетін табыс барлық пайдалану мерзімінде тұрақты деп жорамалданады. Кейінгі тұжырым жатымды, өйткені жер мен ғимарат біртұтас, оларды бағалауда бөлу сирек пайдаланылады.

Ғимарат қалдығын есептеу. Жер телімінің қолданылатын нарқы бар жерде: оның құны шындыққа лайық анықталса ғимараттың қалдық құнын есептеу әдісі пайдаланылады. Бұл жағдайда ғимараттың берерін (табысын) анықтау қиын, өйткені ол ертеден салынып, өзінің пайдаланудағы сипаттамасынан айырыла бастаған. Мысал 2.3.2.2 кестеде келтіріледі.

Кесте 2.3.2.2

Ғимарат қалдығын есептеу

Көрсеткіштер	Мәні
1. Пайдаланудағы таза табыс	65000
2. Жердің құны (салыстырмалы сату бойынша)	50000
3. Жердің табысы (2 жол x 12:100)	6000
4. Ғимараттың табысы (1 жол – 3 жол)	59000
5. Салымды қайтарудың тікелей әдісі бойынша ғимараттың құны (59000:14% x 100)	421429
6. Бағалау орнының құны (2 жол+5 жол)	471429

Кей жағдайда жердің қалдық табысы кері мәнді көрсетуі мүмкін. Бұл жағдайда жер телімін жақсарту зиянды көрсетеді, мұндағы оңды шешім ғимаратты бұзу.

Табыс тоқтағандағы ғимараттың қалдық құнын есептеу (реверсия)

Реверсия (латын сөзі «reversio» - возврат, қайтарып беру) – дүниені алғашқы иесіне қайтарып беру – табысының түсуі тоқтаған кездегі дүниенің қалдық құны. Бұл экономикалық тиімді мерзімі өткенде немесе ерте кезде сатылғанда анықталуы мүмкін. Экономикалық пайдалану аяқталғанда, қалдық жердің құны мен одан түсетін табыс өзгеріссіз болады деген болжам сақталады. Қордың тікелей қайырымының өлшемі, ғимараттан түсетін түсім уақытқа байланысты азаяды деген ұғым негізінде қолданылады. (2.3.2.3 – кесте).

Кесте 2.3.2.3

Ғимараттың құнын есептеу

Көрсеткіштер	Мәні
1. Пайдаланудағы таза табыс, доля	65000
2. Табыс әкелетін экономикалық мерзім, жыл	50
3. Жер құны (құнын жоғалтпайды), долл	50000
4. Салымдағы табыс үлесі, %	12
5. Жер түсімі (3 жол x 4 жол: 100), долл	6000
6. Ғимараттың түсімі (1 жол – 5 жол), долл	59000
7. Жылдық төлемнен («аннуитет» – латын сөзі «annuitas»-ежегодный платеж, 50жыл, 12%)	8,3045
8. Төлем әсері (50 жыл, 12 % + 2%)	7,1428
9. Жерден түсетін барлық түсім (5 жол x 7 жол), долл	49827
10. Ғимараттан түсетін барлық түсім (6 жол x 8 жол), долл	421425
11. Қайтарып беру әсері (50 жыл, 12 %)	0,00346
12. Қайтарып беру (реверсия) (3 жол x 11 жол), долл	173
13. Бағалау орнының құны (9 жол+10 жол+12 жол)	471425

Егер ғимарат пайдалану мерзімінен бұрын сатылса қайтарып беру (реверсия) әдісі төмендегідей болады 2.3.2.4-кесте).

Мысалы, ғимарат 10 жылдан кейін сатылады. Қалған 40 жылдық пайдалану табысы жылына 65000 доллардан, ал одан кейін жер 50000 долларға сатылады.

Салымды тікелей әдіспен қайтарудағы ғимарат құнын есептеу

Көрсеткіштер	Мәні
1. Пайдаланудағы таза табыс, долл.	65000
2. Үйден түсетін табыс үлесі, %	12
3. 12% үлеспен 40 жылдағы төлем (аннуитет – латынша annuitas – жылдық төлем)	8.2438
4. Ғимараттан табыс (1жол x 3жол), долл.	535845
5. 40 жыл бойы 12% - дан құнның бірлік құнына әсері.	0,01074
6. Жердің құны, долл.	50000
7. Жер құнының қайырымы (6жол x 5жол)	537
8. Он жылдан кейінгі қайта сату құны (4жол + 7жол), долл	536382

Жалпы қорландыру еселігін шығару. Жылжымайтын мүліктің жермен ғимаратты қосқандағы құны қорландыру еселігінің негізінде анықталады. Алдымен, құннан жақсартуға қосылғанын табады (жақсарту еселігі). Мысал: ғимараттың экономикаға пайдалану мерзімі 50 жыл, жақсарту еселігі 0,9.

Қордың тікелей қалпына келуі

Дүние, мүлік(актив-латын сөзі активus-действенный)	Құн үлесі	Табыстылық үлесі (ставка)	Өлшемді еселік
1.Ғимарат	0,9	0,14	0,126 (0,14 x 0,9)
2.Жер	0,1	0,12	0,012 (0,12 x 0,1)
3.Қорландырудың (қосымша қор салудың) өлшемді еселігі			0,138
4.Пайдаланудағы табыс			65000
5.Ғимарат құны (4жол : 3 жол)			471015

Қордың жыл сайынғы (аннуитет – ежегодный платеж) қалпына келуі

Дүние - мүлік	Құн үлесі	Қорландыру еселігі	Өлшемді еселік
1.Ғимарат	0,9	0,120417	0,108375
2.Жер	0,1	0,12	0,012
3. Қорландырудың өлшемді еселігі			0,120375
4. Пайдаланудағы табыс			65000
5. Ғимарат құны (4жол:3жол)			539973

Ақша құнсызданғанда жылжымайтын мүліктің бағасы өседі. Сондықтан бағалаушы оның құнын ретке келтіруі керек.

Мысал. Жердің құны барлық орынның 10% құрайды, ақша құнсыздануының жорамалы бойынша кейінгі 10 жылда жердің құны жылына 5% өсіп отырады. Ғимараттардың құны 90% құрайды, кейінгі 10 жылда жылына 3% дан өседі (5% ақшаның құнсыздануы, 2% тозуы) 2.3.2.7 – кесте

2.3.2.7 –кесте

Ақша құнсыздануына байланысты құнның өсуі

Дүние - мүлік	Құндағы үлесі	Құнының өсуі, %	Өсу себебі (10 жылда)	Құнның өсуі себебінің орташасы
1. Ғимарат пен құрылымдар	0,9	3	1,3439	1,20951
2. Жер	0,1	5	1,6289	0,16289
3. Құн өсу есебінің орташасы				1,3724
4. Құнның өсуі % $(1,3724-1,000) \times 100\% = 3724\%$				

2.4. Қаракеттің таза табысындағы қорландыру әдісі.

Қорландыру үлгі ретінде шығарылады. $Қ = \frac{\Theta T}{C Y}$; мұндағы қ-қорландыру, ΘT – әрекет табысы, теңге, $C Y$ – салым үлесі. Үлгіні (формула) пайдалану нарық мәліметтерін түбейгейлі зерттеуді қарастырады:

-нарықтағы жалдау қызметінің сұранысы мен ұсынысы;

-жалдау төлемінің мөлшері;

-табыстың тұрақтылығы;

-қорландыру мөлшеріне әсер ететін жағдайлар;

-пайдалану шығындарының жобалы көрсеткіштері.

Қаракет жасаудағы таза табыс бағалау жұмысындағы өзіне тән сөз. Ол кепілге қарыз алып, тозу құнын есепке алмай, бағаланатын дүниеден алынатын жылдық табыстан жұмсалатын шығын мен кейінге қалдыратын қорды алып тастағанға тең. Бұл көрсеткіш, жалдау ақысының нарықтық мөлшерінің негізінде, бағалау мерзімінен бір жыл бұрын жобаланады.

$\Theta T = TЖТа - \Theta ш$; мұндағы ΘT - әрекет (кәсіп) табысы, теңге, $TЖТа$ – тиімді жалпы табыс, теңге, $\Theta ш$ -әрекеттегі шығын (жұмсалған), теңге. $TЖТа = MЖТ - ЖБЖо$, мұндағы $TЖТа$ – тиімді жалпы табыс, теңге, $MЖТ$ – жалпы табыс мүмкіндігі, теңге, $ЖБЖо$ – жалға берушінің жоғалтқаны

(орынды толықтай пайдаланбау, жалға алушылардың ауысқыштығы, ақша түсімін аз жинау, т.б.)

Табыс мүмкіндігін дұрыс жобалау үшін нарықтағы жалдау мәліметтерін зерттеп, жалдау орнын бағалайтынмен салыстырып, салыстыратындардың сипаттамасына сәйкес түзетулер жасап, жалдау көрсеткіштерін дәлелдеу керек. Іріктелген сәйкестер бағаланушы орынға неғұрлым ұқсас болса, соғұрлым түзетулер азаяды, керісінше. Нарық мәліметіне қарай табыс түзетуі қосақтап салыстыру арқылы жүргізіледі. (2.4.1-кесте).

Кесте 2.4.1

Жалдау түзетуі

Жолдау орындары	Жалдау төлемі, долл
1. Қоймаға ыңғайлы жердегі бөлектеп сату дүкені.	800
2. Ыңғайсыз жердегі ұқсас орын	720
3. Ыңғайлылыққа түзету	+80

Жалпы табыс мүмкіндігінің, жалға беруден басқа да жолдары бар, ол ақылы машина қою орны, орнатылған телевизия антеннасы, хабарландыру тақталары, т.б.

Бағалау ілімінде жылжымайтын мүлік иесінің шығындары төмендегідей топқа бөлінеді:

1. Тұрақты шығындар. Тіркелген сақтандыру, салық.

2. Қолдануға байланысты шығындар – жылжымайтын мүлікті пайдалану, түсім түсу үшін: табыс әкелетін, орынды басқару ақысы, үй-жай қызметтері (электр, газ, жылыту, су, әжет суын ағызу, қоқыс шығару), үй жинау, күзету, көтеріп, түсіретін машина, салық жинау, ақы, тасу, оңдау, қалыппа ұстау, келісімді төлемдер (телефон өрттен сақтау жүйесі, көтеру қорабы, көгал, су алаңы, залалсыздандыру), қар күреу, үй жинау, заң, бухгалтерлік, жарнама қызметтерін төлеу.

Нақты жағдайға байланысты толықтырулар мен анықтаулар жасалады. Шығындарды жобалағанда бағалаушы келешекті ойлап, жиі кездесетін шығындарды көрсетіп, өзгерістерін жоспарлайды. Сәйкес жағдайларды

талдап, жұмсайтын шығындардың көлемін табады, оны жобалау баға мен мөлшерлі шығындарды табуға қажет.

3. Сақтық қор. Кейбір шығындар жыл сайын қомақты өзгертіндіктен тоспаған шығындарға сақтық қор қарастырылады. Мөлшерленген жылға ғимарат пен қолайлылық туғызуға жөндеу үшін де қаражат керек. Мысалы, су құбыры 20 жыл пайдалануға межеленсе, жылына оның құнының $\frac{1}{20}$ бөлігі сақтық қорда болуы керек. Сақтық қор есептелетін дүниелер төмендегідей:

-асханалық тақта;

-суытқыш;

-ыдыс жуғыш;

-аз толқынды пысырғыш;

-қоқыс өткізгіш;

-желдеткіш;

-жиһаз;

-кілемдер;

-ауа реттегіш;

-кір жуғыш;

-перделер;

-ыдысаяқ;

-ғимараттың ұзаққа шыдамайтын дүниесі (жапқыш, көтеріп-түсіргіш, байланыс жүйесі, күзеткіш жүйе);

4. Жоғарыдағы келтірілгендерге кірмеген әртүрлі шығындар, оларға жататындар; кепілдік қарыздар үстемесі, тозуының қарызы, сақтандыруы, кәсіпкерлікке байланысты табыс және басқа салықтар, басқарушылардың сыйақысы тозу құнын есептеу. Шетелдік тәжірибеде таза табысты есептегенде әртүрлі тозу құнын есептеу. Шетелдік тәжірибеде таза табысты есептегенде әртүрлі шығындарды салық салуға жатқызады.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің пайдалануындағы таза табысты шығаруға келтірілген мысал шығарайық (2.4.2-кесте)

Пайдаланудағы таза табыс

Көрсеткіштер	Мәні
1. Екі бөлмелі жылу реттегішсіз алты пәтер, айына 400долл.х12айхбпәтер	28800
2. Жылу реттегіші бар екі бөлмелі алты пәтерді жалға беру табысы 420долл.х12айхбпәтер	30240
3. Екі жуынатын бөлмесі бар, үш бөлмелі алты пәтерді жалға беру табысы 500долл.х12айхбпәтер	36000
4. Бір жуынатын орнымен үш бөлмелі алты пәтердің жалақысы 450 доллар х12айхбпәтер	32400
5. Кір жуатын машинаны пайдалану 20долл/айх12айх24пәтер	5760
6. Жалпы түсім мүмкіндігі (1жол+2жол+3жол+4жол+5жол)	133200
7. Тұрақты жалдаусыз, жалдаушылардың ауысуы, төлемеуін табыстың азаюы, барлық табыстың (2%) 6 жолх2:100	2664
8. Тиімді жалпы табыс (6жол-7жол)	130536
9. Жылдық тұрақты жұмсалуды	3900
Оның ішінде: дүниені қамсыздандыру	1200
Дүниеге салық	1800
Жердің салығы	900
10. Жылдық пайдаланудағы шығындар	10850
Оның ішінде: үй-жай қызметі	1150
Қоқысты жинап, шығару	200
Үй қызметкерлерінің еңбек ақысы	2300
Көгалды қырку	200
Басқарушыларының еңбекақысы	1800
Үйді ұстау, жөндеу	4900
Қар тазалап, шығару	300
11. Дүниелердің жылдық сақтық қорқ	4300
Оның ішінде: кілемдер	1300
Төбе жапқыш	1200
Асхана жабдықтары	1800
12. Пайдаланудан түсетін таза табыс (8жол-9жол-10жол-11жол)	111486

Жылжымайтын мүліктің бағалау мерзіміне пайдаланудан түскен табысты құнға айналдырып, қорландыру үлесін табу керек. Егер ұқсас үйлерден нарыққа байланысты анық жеткілікті мәліметтер түссе, қорландырудың тікелей әдісін пайдалану керек. Мұндай жағдайда қорландырудың үлесі жалпыламай деп саналады. Жалпы үлес таза табыс пен сату бағасының орташа қатынасымен шығарылады. Қорландырудың бұл әдісі қарапайым көрінгенмен әрбір үйдің пайдаланудағы табысын табу керек, ол толықтай сипаттамаларын қажет етеді.

2.5. Ақша түсіміндегі айырым (дисконт-ағылшын сөзі «discount»-скидка, латын сөзі «computare»-учитывать) әдісі.

Жылжымайтын мүлік құнын ақша түсіміндегі айырым әдісі төмендегідей үлгімен белгілейді: $Қ = АТАғҚ + СҚаҚ$, мұндағы қ-құн, АТАғҚ - ақша түсімінің ағымдағы құны, СҚаҚ – салымның қайту (реверсия) құны.

Мысал келтірейік . 24 пәтерлік тұрғын үй бағаланады. Тұрған уақыты 10 жыл бағалау кезінде төлем қабілеті жоғары жалдаушыға берілген. Әр пәтерге айына келісім бойынша алдын ала 800доллардан төлейді. Бірінші жылы тұрақты шығыны 21000долл., одан кейін 5 % өседі. Пайдаланудағы шығыны бірінші жылы 10800 одан кейін 7 % өсіп отырады. Бес жылдан кейін жалдау уақыты аяқталып,ғимарат босайды, ол жөнінде ғимарат иесі хабарландырылған.

Жылжымайтын мүліктің қалған тиімді мерзімінен алынатын түсім нобайынтабу керек. Бағалаушы жылжымайтын мүлікті, жарамдылығына байланысты тиімді пайдалуды қарастыруы жөн.

Мысалда бағалаушы ғимараттың үш басқарушы бөліктен тұруын қорытындылаған. Соған байланысты 15000 доллар шығын жұмсау керек. Бес жыл бойы қосымша салымсыз тұрақты табыс тауып, әрбір кеңсе («офис» – ағылшын сөзі «office» – арнайы кеңсе, үйі – официальная штаб квартира фирмы) айына 12000 доллардың алдын ала төлемін береді. Ғимаратты түзеуге (перестройка) жарты жыл керек, қалған айларда 30 % пайдаланылады (алтыншы жылы). Тұрақты шығыны 32000 долл., мерзімдік шығын жылдық жалдам ақысының 12 %.

Жоспар бойынша жетінші жылы бір кеңсе бос болады, әрбір кеңсенің айлық төлемі айына 15000 долларға көтеріледі. Тұрақты пайдалануға байланысты шығын өзгермейді.

Сегізінші, оныншы жылдар арасында ғимараттың орналастырылуы 100 % жетеді. Жоба бойынша жыл сайын жалдам ақысы 10 % өседі. Жыл сайын тұрақты шығындар 5000 долларға, пайдаланудағысы 12 % өседі.

Жобалау күмәнді болғандықтан 11-15 жылдарға экономикалық көрсеткіштер 10 жыл деңгейімен алынады. 15 жылдың аяғына құрылыс

нудағы табыс (9 жол қосынды)															
------------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Нарық мәліметіндегі ұқсас үйлердің мағлұматы бойынша қайтарып беру құнын есептейміз.

Кесте 2.5.2

Пайдаланудағы таза табыс

Ұқсастар	Пайдаланудың таза табысы, долл, мың	Саудаласу бағасы мың долл.	Қорландыру еселігі (2жыл:3жыл)
1	650	2826	0,23
2	700	3889	0,18
3	612		0,25
4	559	2448	0,21
5	681,5	3587	0,19
6	690	3136	0,22
Орташа мәні	649		0,21

Қайтарып беру (реверция) құны : $660815:0,21=3146738$ долл.

Ағымдағы қайтарып беру құны 657682 долл: $3146738 \times \frac{1}{(1+0,1^{15})}$

Бағалайтын орынның құны 3302246долл. $(2644564+657682)$, орташа 3302000доллар

1. Ғимарат құнын не үшін шығарады.
2. Шығын арқылы бағалаудың кезеңдері.
3. Жаңарту құнының сипаттамасы.
4. Орнын алмастыру құны.
5. Сонылаудың толық құны.
6. Жылжымайтын мүліктің тозуың есептеу.
7. Тозу құнын есептеудегі бөлу әдісі.
8. Тозу түрлері.
9. Тозудың құрылыс салушылар әдісі.
10. Қызмет атқаруына байланысты тозу.
11. Қызмет көрсетудегі жойылмайтын тозу.
12. Сыртқы (экономикалық)тозу.
13. Экономикалық тозудағы қосақтап сату әдісі.
14. Жинақталған тозуды бағалау.
15. Жөндеуге келмейтін тозықты есептеу.
16. Жөндеуге келетін тозықты шығару.
17. Экономикалық тозу.
18. Ғимараттың тозуындағы пайдалану мерзімі (үлгі-формула)

19. Нарық сұрыптауының әдісі.
20. Үйдің тозу есебі.
21. Жинақталған тозудағы экономикалық тозу.
22. Салыстырмалы бағалау, жолдары.
23. Қосақтап сату.
24. Салыстырудағы пайыздық түзету.
25. Топтастыру әдісі.
26. Құнды түзету.
27. Америка, бағалаушыларының сипаттауындағы түзетулер.
28. Ұқсас үйлердің сипаттамасы.
29. Сипаттауға байланысты бағаны жоғарылату есебі.
30. Сатылатын үйдің бағасын шығару.
31. Жалпы табысты көбейту әдісі.
32. Қалдық әдісі.
33. Жер құнының қалдығын есептеу.
34. Салымның бірдей мөлшерде қайтарылуы әдісі.
35. Ғимарат қалдығын есептеу.
36. Ғимараттың құнын есептеу.
37. Салымды тікелей әдіспен қайтарудағы ғимарат құнын есептеу.
38. Қордың тікелей, жыл сайынғы қалпына келуі.
39. Ақша құнсыздануына байланысты құнның өсуі.
40. Қаракеттің таза табысындағы қорландыру әдісі.
41. Жылжымайтын мүлік шығындарының жіктелуі (топтары)
42. Пайдаланудағы таза табысты шығару.
43. Ақша түсіміндегі айырым (дисконт)
44. Бағалау орнының нарықтық құнын табу.
45. Пайдаланудағы таза табыс.

III-тарау. Жерді бағалау.

3.1. Жердің ерекшелігі.

Қазақстанның Ата заңында жер мемлекеттік деп атап көрсетілген. Ата-бабамыз жерін қорғау үшін жанын қиып, қанын шашып, бірнеше ғасыр бойы ұрпақтан ұрпағына тапсырып, иешілік етпегенді ел ретінде мемлекет меншігіне айналған. Ата заңда жер сатылмайды, халқының қажеттілігін өтейді делінген.

Қазақ халқы жерін үш бағытта пайдаланады. Бірі орналасуы, үй жай салу, соған байланысты заңмен бекітілседе әлі күнге ата қоңысымыз деп ұрпақтарының өткен бабаларын, бары, сақталғаны зиратына қарап бірімен бірі танысқанда да ата-жөнім пәлен жердікі, біз сол елміз десіп жатады, соған қарай туыстығын айырады. XX ғасырдың аяғында капитализмге көштік, нарықты экономикамен өмір сүреміз деп, халық болып Ата заңын қабылдап, пысықтары әртүрлі әдіспен жылдам байып, бұрынғы жер-көпелерінің орнына ғимараттар салып, одан да пайда табуға талпынуда. Сонымен, күн-көріс өзгергендіктен орналасудың жалғасы кәсіпкерлікке ұласып жатыр, ол жөнінде нарық қатынасына жердің орналасу қасиетін пайдалатынына орай бағалауға барып соғатындығын екінші тарауда жылжымайтын мүліктердің бағаларын, табысын табудағы әдістерде көрсеттік.

Халықтың жерді пайдаланудағы екінші бағыты қазба байлықтарын алып күнкөрісіне жаратуы. Оның да тігесімен бүгесі толып жатыр, онымен қазіргі таңда тек мемлекет айнылысады, үстіртін айтсақ, қай жердің астында недей байлық жатыр. Оны қалай пайдаланып жатыр, жалпы халыққа, шынайы иесіне тиері қанша, тағы басқалары құпия болғандықтан екінің бірі біле беретін сұрақтар емес. Еміс-еміс естуге байланысты, мысалы Араб елдерінде, тұған балаға да үлесі көрсетіліп, алары анықталған дейтін мағұлматтар жылт-жылт етеді.

Жердің пайдалануының үшінші бағыты ауыл шаруашылығының өндірісі. Экономика пәндерінде өндеріске қатысатындықтан жерді негігі қор деп оқытады, онын басқа қорлардан айырмашылығы бар, атап айтсақ жер

табиғат байлығы, онын қасиеттерін өнім өндіруге пайдаланады, қорлардың басқа түрлерімен ауыстырылмайды, құнарлылық деген қасиеті бар, шектеулі.

Пайдаланушының қажеттілігін өтегендіктен жер телімінің нарықтық құны бар. Сондықтан жалға берген жайғдайда да бағасын тағайындайды, ол беру, алу, айырбастау, сыйға беру, пайдаланушының зияны, салық салу, сақтандыру, игеру, дамытып, алып қою конфискация (латын сөзі *confiskatio*) төлемді ұйымға кіру (акционирование голланд сөзі *actie* немесе *aktio* –қорын біріктіру) кәсіпорынның құнын анықтау, кәсіп орынды қосу, кәсіпорынның дүниесін бөлу, біріккендердің негізгі қорына қосу(Уставный фонд) жер теліміне салым қосу, табысына иешілік ету сияқты жағдайларды шешуге (жүргізуге) бағасын анықтау қажет болады.

Бағалауды пайдалануға байланысты құнның түрлерін анықтау ойымен шығару жолдарын тандайды.

Жердің нарықты құны алушы мен беруші арасындағы келісімге байланысты көрсетілетін ақша көлемі. Ол жердің беретін табысына байланысты.

Қазақстанда шаруа қожалықтарының көбеюіне орай мемлекеттен жерді жалға алу дамуда. Соған байланысты жердің, онда өсірілетін мал азығы дақылдарының экономикалық бағасын шығаруды білген жөн.

Шаруа қожалықтары жердің әобір телімдерін қандай мақсатқа пайдалануды шешу үшін жердің экономикалық бағасын шығарады.

Мысал. Жалдауға алынатын жердің кейінгі үш, бес жылдағы шығымдылығын қолданадады. Оны жылдық есептердің мәліметінен алу керек. Болмаған жағдайда табиғи шабындықпен жайылым жерлерінің гектар шығымдылығын, бір м² шөбін қырқыпта шығаруға болады.

Қожалық 5000 гектар жер алып, ауыл шаруашылығы жері 4850 га, оның 300 га жыртылған, 650га табиғи шабындық, 3900га жайылым болып, мәліметтерге байланысты 1 га егістіктен бц астық, шабындықтан 5ц шөп, жайылымнан 2,5ц шөп алынады деп есептесек, барлық жердің өнімімен өндіретін өнімінің құнын төмендегідей кестеде шығаруға болады. (3.1.1.-кесте).

Жалға алынатын жердің түсімі

Пайдаланатын жер түрлері	Көлемі, га	Гектар шығымдылығы		Алынатын өнім		Өндірілетін өнім, ц		Құнымың, теңге
		Табиғый өлшеммен, ц	Азықтық өлшеммен, ц	Табиғый өлшеммен, ц	Азықтық өлшеммен, ц	Астық	Ет	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.Жалға алынатын жалпы жер	5000	-	-	-	-	-	-	
2.Одан: Жыртылған жер	300	6	6	1800	1800	1800	-	8280
